

BE WOMAN — 2024

BE WOMAN

CENTRAL ASIA

АРУЛАРДЫҢ

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

жаңа инновацияларды ұсынатын маңызды платформа

3

САЯСАТ

Біріккен Ұлттар Ұйымы:

ТҮБЕГЕЙЛІ РЕФОРМА БОЛА МА?

3

РЕФЕРЕНДУМ – 2024

ASEAN форумы:

АЙМАҚ ЕЛДЕРІН НЕ АЛАҢДАТАДЫ?

5

САРАПТАМА

XXI ҒАСЫР МЕГАПОЛИСІ

қандай болуы керек?

Сарапшылар пікірінше, Мехико, Токио, Стамбул, Джакарта, Сан Пауло сынды қалаларда халық саны жиырма миллионнан асып жығылады. XXI ғасырда қала аумағы мен халық саны тек артатын болады.

АЛМАТЫ – ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР ҮШІН ЖАЙЛЫ ҚАЛА

Бүгінде әлем бойынша адамзат баласының жартысынан астамы шаһарларда тұрады. Қала – әлеуметтік орта ретінде күллі жаһандық өзгерістердің ордасына айналып, барлық ғылыми жаңалықтар мен жаһандық құндылықтардың қалыптасуына негіз болып отыр. Бүгінде жер

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №88 (6539) 18 қазан, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

АҚОРДА

АЛМАТЫНЫҢ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕГІ

биыл 996 гектарға дейін кеңейеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады

Президентке Алматы қаласының биылғы 9 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындысы баяндалды.

Ерболат Досаевтың айтуынша, есепті кезеңде қысқа мерзімді экономикалық индикатор 104,1 пайызды құрады. 2024 жылы Алматының өңірлік жалпы өнімі 5,5 пайыз деңгейіне жетіп, келесі жылы 6,4 пайызға дейін өседі деп болжанып отыр.

Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға 1133 миллиард теңге инвестиция тартылып, өсім 8,1 пайызға жеткен. Жыл соңына дейін 2 триллион теңге инвестиция тартылады.

4

КАЗHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

18.10.2024

Түнде: -1-3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

Күндіз: +8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертең тұман.

19.10.2024

Түнде: +3+5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

Күндіз: +7+9 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертең тұман.

20.10.2024

Түнде: +13+15 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +23+25 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

0 745178 614887 >

жүзіндегі мегақалалар мен орта деңгейлі шаһарлар жаһандық экономиканың ауқымды үлесіне ие болып, әлемнің сан тарабынан үздік мамандар мен талант иелерін өздеріне тартатын ерекше күшке айналған. Мехико, Токио, Нью-Йорк, Шанхай сынды қалаларда он миллионнан астам халық қана емес, әлемнің барлық аймақтарынан жиналған үздік кәсіп иелері тұрады.

Сәйкесінше, бүгінгінің қалалары ерекше талант иелері мен алымды инвесторларға тиімді жағдай жасауда жарысқа түскен секілді. Жаһандық урбанизацияның даңғыл жолына әсем қаламыз Алматы да ілігіп, өзінің ерекше даму моделімен көзге түсуде. Мақаламызда Алматы қаласының жаһандық және отандық әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы рөлі мен маңызын талдап көрелік.

АҚОРДА

Astana Think Tank форумы:

ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Astana
Think Tank Forum

Мемлекет басшысы Astana Think Tank форумының пленарлық отырысында сөз сөйледі.

Астана халықаралық форумының аясында құрылған бұл диалог алаңының ең өзекті жағандық және өңірлік мәселелер жөнінде пікір алмасуға арналғанын тұжырымдаған Президент бүгінде адамзат аймақтық қақтығыстар, экономикалық тұрақсыздық, климаттың өзгеруі, азық-түлік және көші-қон қауіпсіздігі секілді бұрын-соңды болмаған сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын атап өтті. Бұл жағандық проблемалар бүкіл әлемді толғандыратынына, оған төтеп беретін шараларды бірлесе іздеу қажеттігіне маңыз берді. Біздің келешегіміз қаншалықты күш-жігер біріктіріп, ортақ келісімге келе алатынымызға тікелей байланысты.

Мемлекет басшысы әлемнің жікке бөлінуі күшейіп, көпжақты халықаралық институттардың беделі әлсіреген сайын, орта державалардың рөлі арта түседі деп санайды.

– Ірі державалар бақталастыққа бой алдырып, бір мәмілеге келе алмай жатқан кезде, дау-дамайды реттеуге орта державалар жиі дәнекер болады. Осылайша олар жағандық ынтымақтастықтың іргесі шайқалмауына ықпал етеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев форум қатысушыларына еліміздің өсіп-өркендеуі және қоғамның демократиялық талпыныстарын жүзеге асыру үшін Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар ішкі тұрақтылықты сақтауда ғана емес, экономикалық өсімге және шетелдік инвестицияларға қолайлы жағдай жасау ісінде де маңызды екенін атап өтті.

Конструктивті қарым-қатынас маңызды

Қазақстан халықаралық қоғамдастықтың беделді мүшесі ретінде ұзақ жылдардан бері өз миссиясын мінсіз атқарып келе жатқанын мәлімдеді.

– Біздің сыртқы саясатымыздың негізгі басымдықтары – тәуелсіздік, мультилатерализм, өңірлік тұрақтылық және дипломатия. Сондықтан біз жағандық ынтымақтастық пен прогрестің қозғаушы күші әрі әлемдегі бірегей әмбебап ұйым саналатын БҰҰ-ның рөлін қолдаймыз. Өз өңірімізде, сондай-ақ одан тысқары жерлерде ұзақмерзімді бейбітшілік пен даму үрдісін сақтау үшін негізгі серіктестеріміздің бәрімен конструктивті қарым-қатынас жасау маңызды деп санаймыз, – деген Мемлекет басшысы еліміздің Иранмен ядролық қару мәселесінде мәмілеге келуге, Сирия бойынша келіссөз жүргізуге, сондай-ақ жа-

қында ғана Армения мен Әзербайжан арасындағы кездесуге арнайы алаң ұсынғанын еске салды. Бұдан бөлек, ядролық қарусыздану және қоршаған ортаны қорғау тақырыптарына ерекше назар аударды. Қазақстан халықаралық форумдарда, соның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде орта державалардың мүддесін қорғауды жалғастыра беретінін жеткізді. Ресей–Украина арасындағы қақтығысты шешу мәселесі жөнінде де пікір білдірді.

Жиын соңында Мемлекет басшысы форум қатысушыларының сауалдарына жауап берді.

Пленарлық отырыстың модераторы, Berlin Global Dialogue төрағасы Ларс-Хендрик Рёллер Президенттен Қазақстанның өңірдегі рөлі туралы, сондай-ақ аймақтық ынтымақтастық арқылы орта державалардың ұстанымдарын тиімдірек пайдалану тұрғысынан қандай проблемалар бар екенін сұрады.

– Ең алдымен, біз аймақтық саясатқа, Орталық Азиядағы барлық жақын көршілерімізбен тығыз ықпалдастыққа бейіл екенімізді атап өткім келеді. Біз ынтымақтастықты тереңдеткен сайын, Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да елдерінің мүдделері үшін жақсы болмақ. Қазіргі жағдайды он жыл бұрынғы ахуалмен салыстыруға келмейді, мүлде өзгеше. Бүгінде біз белсенді ынтымақтастықты дамытып келеміз, ауқымы кең мәселелер бойынша сан қырлы байланыс орнатылды. Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары жиі кездеседі. Ортақ мәселелерді бірлесе пысықтайды.

Бұл басқосулардың нәтижесі мол. Сондықтан менің жауабым айқын. Біздің саяси ұстанымдарымыз стратегиялық тепе-

теңдікті нығайтуға бағытталған. Меніңше, Орталық Азияның әлем картасындағы орны ерекшеленіп келеді. Менің аймақтағы әріптестерім мұнымен келіседі деп ойлаймын. Біз осы өте маңызды өңірдің әлеуетін нығайту үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Біріккен Ұлттар Ұйымына келетін болсақ, мен оны нығайту керек деген сенімдемін. Өйткені, оның орнын басатын ұйым жоқ. БҰҰ-да көптеген кемшілік болғанымен, бізде басқа балама жоқ. Сондықтан Қазақстан БҰҰ рөлін нығайту бойынша осындай ұстанымдағы барлық елмен ынтымақтаса беруге ниетті. Аймақтық державалар мен орта державалардың үні, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінде естілуге тиіс. Қауіпсіздік Кеңесі де реформаға мұқтаж. Өйткені ол, өкінішке қарай, тығырыққа тірелді. Ал одан шығудың жолын біріміз бірлесіп табуымыз керек. Біз келесі жылы 80 жылдығын атап өтетін Біріккен Ұлттар Ұйымына қолдау көрсетуіміз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан – халықаралық нарыққа ашық ел

Бұдан кейін орта державалардың БҰҰ мәртебесін нығайту және мультилатерализм қағидаттарын ілгерілету процесіндегі рөлі жайында сұрақ қойылды.

– Әлбетте, әлгінде баяндамада біз мультилатерализмнің жақтаушысы екенімізді айттым. Біз әлем қазір де, болашақта да, ең алдымен, БҰҰ Жарғысында көрсетілген қағидаттарға негізделуге тиіс екеніне сенімдіміз. Біз БҰҰ Жарғысын ұстануымыз керек. Ешкімге оны бұзуга құқық берілмеген. Өйткені, оның баламасы жоқ.

БҰҰ Жарғысы – қазіргі халықаралық жүйенің тірегі. Бәлкім, БҰҰ-ның рөліне қатысты қандай да бір көңіл толмаушылық бар шығар, сын да айтылар. Бірақ бізге күш-жігер біріктіріп, соғыс, қақтығыс атаулыны тоқтатып, керісінше, диалог пен бейбітшілік жолына түсу қажет.

Қазақстан туралы айтар болсақ, реформаларды жалғастырып, көздеген стратегиялық жоспарды жүзеге асыру үшін бейбіт жағдайда даму біз үшін аса маңызды. Қазір біздің алдымызда еліміздің саяси-экономикалық әлеуетін арттыруға қатысты ауқымды міндет тұр. Сондықтан біз бейбітшілікті жақтаймыз. Бұл ретте көпжақты ынтымақтастық жасап отырған дүние жүзіндегі серіктестерімізге ризашылық білдіреміз.

Қазақстан – халықаралық нарыққа ашық ел. Біз шет елден тікелей инвестиция тартқымыз келеді. Бұл туралы жаңа айттым. Сол үшін Қазақстанда қызмет істегісі келетін инвесторларға барынша қолайлы жағдай жасаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҮКІМЕТ ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы
Премьер-Министр
Олжас Бектеновті
қабылдады

Президентке 2024 жылдың үшінші тоқсанындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері туралы баяндалды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында экономиканы әртараптандыру шаралары күшейтілген. Есепті кезеңде шикізаттық емес секторды дамыту нәтижесінде ішкі жалпы өнімнің өсімі 4 пайызды құрады. Ел бюджетіне 14,9 триллион теңге түскен.

Сонымен қатар, заңсыз иеленген активтерді қайтару жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы жайында айтылды. Жыл басынан бері комиссия 450 миллиард теңгеге жуық активтерді қайтару жөніндегі келісімдерді мақұлдаған. Бүгінде мемлекетке 265 миллиард теңгені құрайтын активтер, соның ішінде ақшалай 177 миллиард теңге қайтарылды. Барлық қайтарылған қаражат әлеуметтік маңызы зор жобаларға жұмсалып жатыр. «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заңның субъектілері бірқатар жобаларды, атап айтқанда, мұқтаж адамдарды оңалту және әлеуметтендіру бағдарламаларын, мәдени-білім беру орталығы мен спорттық манеж құрылысын қаржыландыруды бастады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Исламабадта өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Үкімет басшылары кеңесі отырысының қорытындысы жөнінде баяндалды.

Президент Үкіметтің жұмысын жандандыру қажет екенін атап өтіп, ел экономикасын әртараптандыру арқылы оның тұрақты өсімін қамтамасыз ету, шағын және орта бизнесті қолдау, агроөнеркәсіп кешенінде инновацияны дамыту, ірі индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру шараларын жалғастыруды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: akorda.kz).





BEWOMAN – 2024

Мегаполис төрінде Орталық Азия елдерінің көшбасшы қыз-келіншектері, биіктерді бағындырған әйел-аналар BeWoman деп айдар тағылған форумда бас қосты.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

АРУЛАРДЫҢ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

жаңа инновацияларды ұсынатын маңызды платформа



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Айтбаева дарынды бала тәрбиелеу құпиясымен бөліссе, Bilim media group негізін қалаушы және бас директоры Рауан Кенжеханұлы биіктерді бағындыруда анасының рөлі қандай болғанын әсерлі әңгімелеп берді.

«Өзіңіздің мақсаттарыңыз бен сүйікті ісіңізді табыңыз», «Жеке бренд: оны қалай жасау керек және ол сізге не үшін керек?», «Кедергілерді еңсеру: арманға қалай жетуге

болады?» сияқты ондаған тақырыптарды қаузаған BeWomen 2024 форумы тәжірибе алмасуға және кәсіби байланыстарды кеңейтуге бірегей мүмкіндік берді, сондай-ақ Орталық Азиядағы әйелдердің көшбасшылық әлеуетін ашуға жол көрсетті деуге болады.

(Форум туралы кеңейтілген материалды газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар).

САЯСАТ

Біріккен Ұлттар Ұйымы:

ТҮБЕГЕЙЛІ РЕФОРМА БОЛА МА?

Біріккен Ұлттар Ұйымы – жалпыадамзаттық маңызы зор бірлестік. Екі реткі жаһан соғысынан кейін тұтас елдердің бейбітшілікке деген талпынысы осы бір халықаралық қауымдастықты түзді. Соғыс қана емес, өткен ғасырдың алғашқы жартысында адамзат баласы кешкен тауқымет бейбітшілік пен қауіпсіздікті, жалпыға бірдей тәртіпті бірлесіп құрудың маңызын айқын аңғартты. XX ғасырдың орта шенінде құрылған қауымдастықты, тура мәнінде, сол ғасырдағы адам өркениетінің ең зор жетістігінің бірі деп бағалауға болады. Мұндай ұйымсыз біз соңғы 70 жылдағы әлем тарихын мүлде басқаша жазған болар ма едік, кім білсін?!

Дегенмен, адамзат тарихы тағы бір сынға дөп келіп тұрғандай. Бұл күнде ұлттардың ұлы бірлестігі ауыр сын-қатерлерге тап болып отыр. БҰҰ-ның негізгі ұстанымы – бейбітшілікті қорғау, соғысты болдырмау десек, соған қарамастан бұл әлемде қақтығыстардан көз ашпаған аймақтар, мемлекеттер мен халықтар әлі де көп. Тіпті, соңғы он жылдықтағы үрдіс жаһан жүзінің үрейлі кейіпке ауысқанын көрсетті. Міне, осы тұтса ұлттар қауымдастығының болашағы қандай болмақ дейтін сауал кімді болсын алаңдатады.

Ережені кім белгілейді?

Кезінде әйгілі саяси-технолог Генрий Киссенджер өзінің «Ұлы шахмат тақтасы» атты еңбегінде халықаралық ережелер туралы кеңінен толғағаны бар. Онда ол әр дәуірде халықаралық ережелерді бекітуге үлкен ықпал ететін қандай да бір елдің тарих сахнасына шығып отыратынын айтып еді. Айталық, бір кездері теңізде дәуірлеген португалдар, испандар, кейіннен адамзатқа жаңа құндылықтың жаршысы болған француздар да халықаралық қарым-қатынастар ережесін белгілеген державалар боп тұрды. Кейін, Испанияны теңіз үстінде ойсырата жеңген ағылшындар сахнаның бас кейіпкеріне айналды. Құрлықаралық сауда байланыстары, отарлық іс-қимылдардың бәрінде ағылшын үстемдігі өткен ғасырдың бас шеніне дейін анық көрініп тұрды. Ал XX ғасырдағы екі реткі дүниежүзілік соғыс Америка Құрама Штаттарын жетекші орынға алып шықты. Қазірге дейін халықаралық қарым-қатынастардың қағидаларында Құрама Штаттардай

терең әсер еткен ел болған емес. Бұны Киссенджер де ашық мойындайды.

Соңғы бірнеше онжылдықтар жүзінде халықаралық аренада «қалыптасқан» және «қалыптасу үстіндегі державалар» дейтін ұғымдар кең қолданылды. Шығыста Қытайдың күшейіп, ықпал-қуатын кеңейтуі осы екі түрлі державалар арасындағы қарым-қатынастың қазанын қайнатып, бәсекелестік қарым-қатынасқа ұласты. Қазіргі кез келген жаһандық тұрақсыздық пен бұлдыр картинаны тап осы державалар бәсекесімен ғана толық түсіндіре аламыз. Халықаралық аренада күшті елдер және әлсіз елдердің болатынын мойындамауға болмайтын шындық. Халықаралық қауымдастықта әр елдің өз орны бар десек те, қарым-қатынастар мен тәртіп мәселесінде жуанның сөзі сөз, әлсіздің үні бәсен. Міне, осындай жағдайда БҰҰ сынды халықаралық ұйымның маңызы алға шығар еді. Алайда, державалардың бәсекесі қызған тұста, біріккен ұйымның үндеулері, ұстанымдары, ара ағайындық уәждері елеусіз қалып бара жатыр. Ал ірі күштердің бәсекесі бір ғана бағдарды – «ендігі ережені кім белгілейді?» мақсатын көздейтіні ақиқат.

Халықаралық қауымдастық реформаға мұқтаж

Аңғаратын болсақ, әлем жаңалықтарында соғыс сөзі аз айтылғанымен, оның орнын «қақтығыс», «қайшылық», «текетірес», «террористік шабуыл», «қарулы жанжал» деген сөздер басқан. «Құрттың атын жаңылтып малта қойғанмен» осының бәрі мыңдаған адамның өмірін жалмап, миллиондаған адамды босқынға айналдыруда. Ал оның салдары

азық-түлік қауіпсіздігінен тартып, жеткізу тізбегіне, энергия тасымалына, трансшекааралық сауда байланыстарына кедергі келтіріп, әлемдегі барлық елге ықпал етуде.

Осындай кезде БҰҰ сынды халықаралық ұйымдардың халықаралық саясаттағы ықпал-беделі барған сайын төмендеп кетті. Тіпті, қазір әлем елдерінде БҰҰ Бас ассамблеясы сынды маңызды отырыстардың пайдасына деген күмән күшейді. Себебі, қауымдастықта қабылданған шешімдерді әлем елдері бірдей атқарып отырған жоқ. Оның үстіне, гуманитарлық көмектерді қаншалық көбейткенімен, жыл сайын босқындар саны мен қақтығыс салдарынан әлеуметтік жәрдемге мұқтаж болып қалатындардың саны еселеп көбейді. Соның бәрі Біріккен Ұлттар Ұйымының өзіне түбегейлі реформаның керек екенін көрсеткендей.

Реформаның нақты сипаттары

БҰҰ қарарларының бәрі дерлік мемлекеттерге бірдей міндеттелмейді, тек декларативті сипатта болып қалды. Ең маңыздысы, халықаралық құқықтық жүйенің дамымауы немесе БҰҰ жарғысына қатысты әлі де келіспеушіліктер бар. Кейбір елдердің егемендігіне қатысты, оның аумағына қатысты да ұстанымдар БҰҰ деңгейінде бірдей қабылданбайды. Айталық, кейбір елдердің тәуелсіздігін бір қауым БҰҰ мүшесі мойындаса, енді бір тобы мойындамай жатады. Мәселе егемендік пен территориялық тұтастық ұстанымдарында ұйымның ұстанымдары жалпыға бірдей бола бермеуінде.

Көптеген сарапшылар әлем картасы әлі талай өзгеретініне күмәнсіз сенеді. Себебі, әлемде әлі де бір мемлекет территориясындағы бірнеше ұлттардың дербестік талаптары, түрлі деңгейдегі күресі немесе ұқсамаған екі құндылыққа бөлінген біртұтас елдердің ішкі тартыстары әлі де жүріп жатыр. Бұл де-геніміз, саяси картаның бұлжымас формасы жақын арада болмайтынын көрсетеді. Ал та-тулық, келісім, бейбітшілік және соғыстың болмауына талпынған ұйым үшін бұған ор-тақ ереже бекіту қиын. Бұған қоса, адам құ-қығы мен азаматтардың бостандығы, қо-ғамдық құндылықтар, наным-сенім мәселелерінде әр елдің ұстанымы бірдей емес. Бір елдің дінге қатысты ұстанымы ке-

лесі бір елде қабылдануы екіталай. Адам құқы, азаматтардың бостандығы мәселесінде де үнемі дау туындап отыратыны да содан.

Мойындау және ұмтылыс

Биылғы Бас ассамблея отырысында қауымдастық тарапы өзінің кемшіліктері мен әлсіз тұстарын ашық мойындады. Әрі талқы-ның басым бөлігі осы бағытта өрбіді. Әлемнің биік мінбесінде ұйымның Бас хат-шысы Антониу Гутерриш қауымдастықтың дарменсіздігін растады, әрі барлық елдерді ортақ қауымдастықты бекемдеуге шақырды. Шын мәнінде, ұйымның өз әлсіздігін мойын-дауы үлкен символдық мәнге ие. Осының өзі қазіргі әлемнің дағдарысты мойындап, одан шығар жолды іздестіре бастағанын көрсет-кендей. Жаһандық құбылмалы жағдайға қарамастан, бұл басқосуда әлем елдері жаһан-дық цифрлық шарт пен болашақ ұрпақ туралы декларацияны қамтитын Болашақ пактісін қабылдап қол қойды. Бұл Пакт қазіргі халықаралық ынтымақтастықтың нақты жағдайын өзгертіп, болашақта кездес-етін сын-қатерлерге бейімделудің өзіндік амалын іздестірген құжат болмақ.

Егер БҰҰ-ның жақын он жылдық тари-хына қарасақ, бұндай ауқымды әрі маңызды құжат тым сирек қабылданған. Оның үстіне, көп ел қол қойған шешім мүлде жаңа сала-ларды өз ішіне қамтып отыр. Тіпті, БҰҰ құ-рылғаннан бері елдер арасында келісім тап-пай келе жатқан мәселелерді де өз ішіне қамтыған. Негізгі мақсаты – қазіргідей жағ-дайда халықаралық қауымдастық сынды ма-ңызды бірлестікті сақтау және халықаралық институттардың жаңа жағдайға бейімделуін қамтамасыз ету көзделген. Осыдан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымына деген үміт жан-данды десе болады. Ең бастысы, адамзат «қазіргі қайшылық кезеңде соғыстың салдар-ын алдын ала болжап, бірлікке келе ала ма, не болмаса, бейбітшілікке жету үшін міндетті түрде зұлмат соғысты бастан өткеру керек пе?» деген тарихи сауалдардың ал-дында тұр.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



АҚОРДА

АЛМАТЫНЫҢ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕГІ

биыл 996 гектарға
дейін кеңейеді

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысына жергілікті бюджет кірістері 27,2 пайызға артқаны жөнінде мәлімет берілді. Бұл Алматы қаласын 2025 жылға дейінгі дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары аясында басымдық берілген жобаларды қаржыландыру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Алматы бюджеті жыл басынан бері 204,5 миллиард теңгеге артып, 1828,5 миллиард теңгені құрады.

Шағын және орта бизнесті өркендету аясында экономиканы әртараптандыру жұмыстары жалғасады. Кәсіпкерлік субъектілер саны 6,2 пайызға өсіп, 361,1 мыңға жетті. Жыл қорытындысы бойынша Алматының өңірлік жалпы өнім көрсеткішіндегі шағын және орта кәсіпкерлік үлесі 60 пайызға дейін артады.

Президент тапсырмасын орындау мақсатында қаланың дамуын сапалы қамтамасыз етуге және тиімді бақылауға арналған Қала құрылысы регламенті, Құрылыс жүргізу ережесі және Тұрғын үйді реновациялау бағдарламасының жаңа жобасы әзірленді. Өзгерістер жыл соңына дейін қалалық мәслихаттың сессиясында бекітіледі.


Қасым-Жомарт Тоқаевқа биыл денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғыртуға арналған бюджет 2,5 есе өсіп, 26,3 миллиард теңгеге жеткені туралы есеп берілді. Тамыз айында еліміздегі алғашқы Ерте араласу орталығы ашылды. Бұл мекеме ведомствоаралық іс-қимылды үйлестіріп, балалар арасындағы мүгедектікті төмендетумен шұғылданады.

Әкімнің айтуынша, басым бағыттың бірі – инженерлік инфрақұрылымды жаңарту. Есепті кезеңде 219 шақырым сумен жабдықтау және су тарту желілері салынып, қолданыстағы 27,3 шақырым желі жаңартылды. Бұдан бөлек, 66 шақырым электрмен жабдықтау желісі реконструкцияланды.

Мемлекет басшысына Алматының жасыл желегін көбейту жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы баяндалды. Оған күтім жасау үшін 110 шақырым тамшылатып суару жүйесі орнатылған. Жыл соңына дейін саябақтардың ауданы 996 гектарға дейін кеңейеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев кездесу соңында қала экономикасындағы шағын және орта бизнес үлесін арттыру, транспорт құрылымын дамыту және қоғамдық көліктерді экологиялық талаптарға сәйкестендіру, сондай-ақ инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды сапалы жаңғырту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).



(Фотодереккөз: Midjourney).

XXI ҒАСЫР МЕГАПОЛИСІ қандай болуы керек?

(Басы 1-бетте)

- 2024 жылғы 1 қыркүйекте Алматы қаласының халық саны 2 млн 270,8 мың адамды құрады. Қала халқы 2024 жылғы қаңтар-тамызда 15089 адамға өскен.
- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылдыққа Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты үш рет қабылдады. Еліміздің оңтүстік астанасының өңірлік жалпы өнім үлесі 6,4%-ға өседі деп жоспарлануда. Бүгінгі таңдағы көрсеткіш – 5,5%.
- Алматы қаласының өзі жыл соңына дейін 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартуға мүдделі.

ЗАМАНАУИ МЕГАПОЛИСТЕРГЕ ТӘН ОРТАҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Әлемдік банк дерегінше, 2008 жылы адамзат тарихында алғаш рет халықтың 50%-дан көп бөлігі қалаларда тұрды. БҰҰ дерегінше, 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш, 70%-ға жететін болады. Еліміздің сан ғасырлық көшпелі өркениетке негізделген тарихы болғанымен, дархан даламызда қалалар ерте кезеңдерден бастап қалыптасып, қала мәдениеті озық үлгіде болғандығын тарихи зерттеулер дәлелдеп отыр. Отырар, Сарайшық, Сауран, Түркістан, Тараз қалаларының мыңдаған жылдарға созылған тарихының ізін жалғап, бүгінде XXI ғасырға тән инновация мен кәсіпкерліктің рухын қалыптастырған Алматы қаласы Орталық Азия аймағында бірнеше бағыттар бойынша алғашқы орындарда.

Алматының республика бойынша кәсіпкерлік ортаның озық үлгісін қалыптастырғанының дәлелі ретінде, қаладағы кәсіпкерлік субъектінің 6,2%-ға артып, 361,1 мыңға жеткенін айта аламыз. Әрбір кәсіпкерлік субъектідегі қызмет ететін азаматтарды есепке алсақ, бұл халықты жұмыспен қамтып, орта тап қалыптастырудың төте жолы екенін көреміз. Нәтижесінде жыл қорытындысы бойынша Алматы экономикасының өңірлік жалпы өнім көрсеткішінің 60%-ы шағын және орта кәсіпкерлікке тиесілі. Ұлттық экономикадағы шағын және орта кәсіпкерліктің үлесінің артуы, ұзақ мерзімді алғанда, экономиканы диверсификациялауға және



табиғи ресурстарға тәуелсіз экономика қалыптастыруға тікелей ықпал етпек.

XXI ғасырдың заманауи қалаларынан талап етілетін маңызды ерекшеліктердің бірі – экологиялық «жасыл аймақ» қалыптастыру болып отыр. Бүгінгідей жаһандық жылыну мен экологиясы мәселесі күрделеніп тұрған шақта әрбір мегаполис үшін экологиялық ұстанымдарға берік болу ерекше маңызды. Бұл тұрғыда қаламызда тікелей Президент тапсырмасы аясында жыл соңына дейін саябақтардың ауданы 996 гектарға дейін кеңейтілетін болады. Саябақтар пен парктерге қажетті күтім жасап, суару үшін арнайы 110 шақырым тамшылатып суару жүйесі қазірдің өзінде толық қолданысқа енді.

Екінші мәселе заманауи қала құрылымының жоғары деңгейлі әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі. Қала әкімінің Мемлекет басшысына берген есебіне сәйкес, биыл 219 шақырым сумен қамту және су тарту желілері салынып, қолданыстағы желілердің 27 шақырымы жаңартылған. Десе де, аталмыш жұмыстар маңызды өзгерістерге жасалған алғашқы қадам болғанымен, жүйелі әрі тұрақты жаңартуды талап етеді.

МЕМЛЕКЕТТІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ, МЕГАПОЛИСТЕРІМЕН АНЫҚТАЛМАҚ

Жаһандық тәжірибе көрсеткендей, алып мегаполистерде мемлекет тарапынан қажетті инфрақұрылым, қауіпсіздік жүйесі

қалыптасқан кезде орта және шағын кәсіпкерлер тарапынан инновациялық шешімдер мен шығармашылық бастамалар қолға алынып, өзара әріптестік негізінде бірегей даму моделі қалыптасады. Қала халқының табиғи өсім және еңбек, білім, денсаулық сақтау саласындағы миграция есебінен үздіксіз өсіп отыруы тұтастай алғанда, мемлекеттік, аймақтық деңгейде экономика бағытын, мәдени, азаматтық құндылықтар тізбегін қалыптастырады. Орталықтан қолдау тауып, қалыптасқан ұстанымдар мен құндылықтар тұтас аймаққа, адамзатқа ортақ таралмақ.

Адамзаттың жазба тарихнамасы қалыптасқан кезеңнен бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихи даму жолына көз жүгіртсек, Рим, Афины, Каир, Лондон, Нью-Йорк сынды қалалардың дін мен мәдениет, білім мен ғылымның қалыптасуына негіз болып адамзатқа ортақ құндылықтар қалыптастырғанын көреміз. XXI ғасырда, жекелеген мегаполистердің әлеуеті мен ықпалы тіптен артпак. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі, ауқымды мегаполистерімен анықталмақ. Сәйкесінше, мегаполистер адамзатты, ұлты мен ұлысына қарап бөле жармай, қарым-қабілеті мен тұлғалық құндылығына сәйкес біріктіретін болады.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.
«Тұран» университеті.





ASEAN форумы:

АЙМАҚ ЕЛДЕРІН НЕ АЛАҢДАТАДЫ?

8–13 қазан аралығында 44 және 45-ші ASEAN форумы өтті. Бұл жолы Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері ассоциациясына мүше елдер Лаостың астанасы Вьентьянда бас қосты. Бір аптаға созылған саммитте бірнеше екіжақты және көпжақты кездесулер ұйымдастырылды. Ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы келіссөздер 8-9 қазанда өтсе, келесі күндері стратегиялық серіктес елдердің делегацияларымен және халықаралық ұйым өкілдерімен кездесті.

Ұйымды құру идеясы

ASEAN немесе Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы – әлемдегі ірі аймақтық ұйымдардың бірі. Оған Бруней, Камбоджа, Индонезия, Лаос, Малайзия, Мьянма, Филиппин, Сингапур, Тайланд және Вьетнам мемлекеттері мүше. 1967 жылы 8 тамызда құрылған. Тайланд астанасы Бангкокта өткен кездесуде Индонезия, Малайзия, Филиппин, Сингапур және Тайланд елдерінің сыртқы істер министрлері ASEAN декларациясына қол қойып ұйымның негізін қалады.

Аталмыш ұйымды құру идеясы 1960 жылдардың басында туындаған. 1961 жылы Филиппин, Малайзия және Тайланд елдері бірігіп Оңтүстік-Шығыс Азия ассоциациясы альянсын құрды. Алайда, арада шешілмеген мәселелер болғандықтан альянс мүшелері арасындағы интеграция тұралап қалды. 1960 жылдардың ортасына қарай аймақ елдері ішкі мәселелерді бірігіп шешу керек екенін түсінді. Бұдан басқа, суық соғыс кезінде биполярлы тәртіп қалыптасқан тұста Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бірлесе әрекет етуді жөн көрді. Аймақтық ұйым құру бір жағы коммунизм идеологиясына тойтарыс беру, екінші жағынан капиталистік елдердің экономикалық қысымына төтеп беру мақсатын көздеді.

Геосаяси бейтараптық

Бұл бес мемлекет геосаяси бейтараптық ұстанып, солшыл идеологиядан қорғану және нарықтық экономикаға бет бұру арқылы батыс елдерімен экономикалық байланыс орната бастады. Алғашқы кезде Малайзия, Филиппин және Тайланд тек Индонезияны



(Дереккөз: asean.org).

қосуды ойлаған. Сингапур билігі ұйымға қосылуға ниет білдіргесін, бұл өтінішті төрт мемлекет қолдады. Алайда, ұйымды құру оңай шаруа болмады. Себебі, Малайзия, Филиппин және Индонезия арасында аумақтық, геосаяси текетірес болған. Әсіресе, 1963–1966 жылдардағы Индонезия мен Малайзия арасындағы конфронтацияны атап өтуге болады. Малайзия Ұлыбритания иелігінен бөлініп, жеке мемлекет болып құрылған кез. Аумақтық дау интеграциялық үдеріске шектеу қойып келді. Арада бірнеше жыл өткен соң бұл мәселе шешілді. Үш мемлекет арасындағы даудың да аяғы көріне бастады. Мұнда әсіресе Тайландтың бітімгерлік саясатын атап өткен жөн.

Бесінші ел – Сингапурды ұйымға мүше етуде де қиындықтар болған. Себебі, Малайзиямен арадағы қарым-қатынас күрделі еді. Бірақ соған қарамастан, аймақ елдері сыртқы геосаяси факторды ескеріп бірігуге бел байлады. Қазір ұйымға 10 мемлекет мүше. Әлі күнге дейін геосаяси бейтараптықты сақтап келеді. Ресей – Украина, Таяу Шығыс елдеріндегі геосаяси дағдарыстардан өзін алшақ ұстап отыр.

Жеке келіссөздер мен уағдаластықтар

8-9 қыркүйекте ASEAN-ға мүше елдер жеке келіссөздер өткізді. Онда мынадай мәселелер қозғалып, уағдаластыққа қол жеткізілді:

- Биоалуандылықты сақтау жоспары бекітілді;
- Мемлекеттік қызметшілердің психикалық денсаулығын қорғау мақсатында жұмыс пен жеке өмір арасында балансты сақтауға арналған үкіметаралық келісім;
- Балықшы мигранттардың құқығын қорғау;
- Еңбек мигранттарының әлеуметтік сақтандырылуын мемлекеттер арасында мойындау;
- Пластикалық қалдықтарды өңдеу бойынша келісім және т.б.

Бұдан бөлек, ұйымға мүше мемлекеттер стратегиялық серіктес мемлекеттер мен халықаралық ұйымдармен кездесті. Атап өтер болсақ, ASEAN-Қытай, ASEAN-Жапония, ASEAN+3, ASEAN-Австралия, ASEAN-Үндістан, ASEAN-Канада, ASEAN-АҚШ форматында және де Шығыс Азия саммиті мен ASEAN-БҰҰ шаралары аясында екіжақты және көпжақты келіссөздер өтті.

ASEAN Қытай, Жапония және «+3» форматында 27-рет саммит өткізді. ASEAN+3 форматы дегеніміз ұйымға мүше елдердің Қытай, Жапония және Оңтүстік Кореямен ортақ келіссөз алаңы. Сондай-ақ, Австралиямен 4-ші, Үндістанмен 21-ші, АҚШ-пен 12-ші рет кездесуде. Ал Шығыс Азия саммиті 19-шы, ASEAN-БҰҰ саммиті 14-ші рет ұйымдастырылды. Шығыс Азия саммитіне ұйымға мүше мемлекеттерден бөлек Австралия, Қытай, Үндістан, Жапония, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея, Ресей және АҚШ елдерінің өкілдері қатысты.

Оңтүстік Корея, Ресей және АҚШ елдерінің өкілдері қатысты.

Оңтүстік Қытай теңізіндегі бәсекелестік және Мьянма дағдарысы

Аталмыш кездесулердің ішінде аймақ үшін ең маңыздысы БҰҰ екені күмән тудырмайды. ASEAN-БҰҰ 14-саммитіне БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш қатысты. Онда Оңтүстік Қытай теңізіндегі геэкономикалық бәсекелестік пен Мьянмадағы ішкі саяси дағдарыс мәселелері талқыланды. ASEAN Оңтүстік Қытай теңізіндегі сауда дауын халықаралық құқық аясында шешуге шақырды. Теңіздің даулы бөлігіне таласқа бір жағы Қытай, екінші жағынан ASEAN-ға мүше Филиппин мен Вьетнам түсіп отыр. Қытайды Ресей қолдап отыр. Олар мәселені шешу үшін 1982 жылғы халықаралық теңіз құқығын негіз етіп алуға қарсы.

2021 жылы Мьянмада әскери төңкеріс болды. Содан бері мемлекет азаматтық соғыс жағдайында өмір сүруде. Бұдан бейбіт азаматтар зардап шегуде. ASEAN ұйымы гуманитарлық дағдарысты дереу тоқтатуға шақырып, үндеу жариялады.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

АЛМАТЫДА АЛҒАШ РЕТ «ЖАС ҚҰТҚАРУШЫ» СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ

Мақсат – 9-сыныптан бастап балаларды төтенше жағдайда пайдасы тиетін тәжірибелік дағдыларға үйрету

Алматының Жетісу ауданындағы №87 жалпы білім беретін мектепте «Жас құтқарушы» сыныбы салтанатты түрде ашылды. Іс-шара Қазақстанда 19 қазанда атап өтілетін Құтқарушылар күніне орайластырылған.

«Жас құтқарушы» сыныбында балаларды өрт, жер сілкінісі, суға шомылу маусымындағы іс-әрекеттерге үйретеді.

Басты мақсат – оқушылардың жеке және қоғамдық қауіпсіздік мәселесіне жауапкершілікпен қарауын

қалыптастыру және оларды төтенше жағдайда пайдасы тиетін тәжірибелік дағдыларға үйрету.

«Бұл өскелең нағыз патриоттар мен болашақ Отан қорғаушыларды тәрбиелеуде жаңа кезеңнің басталғанын білдіретін маңызды оқиға. Алматыдағы алғашқы осындай сыныптың біздің ауданда ашылғанына мақтанамыз. 9-сынып оқушылары жас құтқарушылар антын қабылдап, елді қорғауға және төтенше жағдайда қауіпсіздік шарасын сақтауға міндеттенді. Балаларға шын жүректен сәттілік пен жаңа жетістіктер тілеймін. Олардың қоғам дамуына үлкен үлес қосатын тұғыры биік тұлға боларына сенімдімін!», – деді Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева.

Жаңа сыныптың ашылуы кезінде келушілерге мото жол талғамайтын көлік, қарда жүретін көлік, квадроцикл,

жедел әрекет ететін өрт сөндіру машинасы сынды құтқарушылардың техникасы мен жабдықтарынан көрме ұйымдастырылды.

«Жас құтқарушы» сыныбы балалардың жеке және қоғамдық қауіпсіздік мәселесіне саналы әрі жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру, тұрақты тәжірибелік дағдыларды меңгеру және төтенше жағдайда өзін-өзі ұстау қабілетін дамыту мақсатында ашылды. Болашақта жас құтқарушылар азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің қатарын толықтырады деп үміттенеміз», – деді Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Нұрлан Атығаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қазақстан экономикасының нақты секторындағы маңызды саланың бірі – газ саласы. Аталмыш саланың мемлекеттің дамуына қосар үлесі зор. Бүгінде ел үкіметінің жоспарында 2030 жылға дейін халықты көгілдір отынмен қамту деңгейі 65%-ға жеткізу міндеті тұр.

Бұл бағытта Алматыда қандай жұмыстар атқарылды? Қаланы газдандыру көрсеткішінің деңгейі қандай? Сауалдарымыздың жауабын білу үшін «QazaqGaz Аймақ» АҚ-ның Алматы өндірістік филиалының директоры Ақылбай Есболұлы САПАРОВ мырзаны әңгімеге тартқан едік.



Коллажты жасаған Нұрбоосын ӨРІСҮЛЫ.

КӨГІЛДІР ОТЫН

жаңа мүмкіндіктерге жол ашады

дарды пайдалануға дайындық паспортына қол қойылды. Бүгінде Алматының газ инфрақұрылымы күзгі-қысқы кезеңге 100% дайын.

Қоғамдық қауіпсіздік маңызы

– Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев мегаполиске іссапармен келгенде ЖЭО-2-ні газға ауыстыру жұмыстары 2025 жылы басталады деп еді. Жұмыс қалай жүріп жатыр?

– Қазір Алматыны түгелдей жылумен қамтып отырған алып 3 станса бар. ЖЭО-2-ні көгілдір отынға ауыстыру жұмыстары алдағы жылы басталып, 2026 жылы аяқталады. Қазір бұл бағытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 10.07.2021 жылғы Алматы қаласының ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ті газға ауыстыру тапсырмасы бойынша, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның 21.07.2021 жылғы №11-02-05.1/4075 Алматы энергетикасының газдандыру жобасы бойынша «АГРС-тен ЖЭО-2-ге дейін жоғарғы қысымды жерасты газ құбырын салу» және «АГРС-тен ЖЭО-3-ке дейін жоғарғы қысымды жерасты газ құбырын салу» жобалары бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

Ағымдағы жылдың наурыз айында «АГРС-тен ЖЭО-2-ге дейін жоғарғы қысымды жерасты газ құбырын салу» нысаны бойынша жұмыстар аяқталды. Бұдан бөлек, Д-720 мм 5,8 шақырым таратушы газ құбыры салынды. Енді жыл соңына дейін жұмысты аяқтау жоспарда тұр. Жүйелі жұмыс жалғаса берсе, нәтижесін көретін күн де келеді.

– Осы тұста бір сауал туындайды. ЖЭО-лар толығымен газға көшірілсе, ол тарифке қалай әсер етуі мүмкін? Көгілдір отын халықтың қалтасын қақпай ма?

– Мынаны естен шығармайық. Жылу-электр орталықтары газға көшірілген жағдайда тариф құрылымындағы отын шығындарының үлесі артады. Сондықтан газдың бағасы тұтынушыларға арналған тарифке әсер етуі әбден мүмкін. Неге десеңіз, тариф көгілдір отынды өндіруге, жеткізуге, бірнеше компания арасында бөліп-таратуға жұмсалатын шығындарды есептеп барып құралады. Жобалаушылар ЖЭО-н жаңғырту аяқталған шақта жылу тарифінің өсімі

10–15%-ды құрауы мүмкін деп болжам жасап отыр.

Жалпы, тұтынушылар үшін жылу тарифін жылу энергетикалық компаниялар белгілейді және реттеуші органмен (Табиғи монополияларды реттеуші комитетінің департаменті) келісіледі. Сарапшылардың пікірінше, газ бағасының өсуі тұтынушыларға соншалықты әсер ете қоймайды, орта есеппен бір жеке үйдің шығыны айына 1080 теңгеге, ал бір пәтердің шығыны айына 130 теңгеге артады.

– Тұрғындарды мазалайтын тағы бір сұрақ. Көпқабатты үйлердің жоғары қабаттарындағы пәтерлерге неге газ тартылмайды? Себебін түсіндіріп өтіңізші...

– Бұл сауалды тұрғындардан жиі естиміз. Құрылыс және инженерлік нормаларға байланысты ережелерде көпқабатты тұрғын үйлердің белгілі бір биіктіктен жоғары қабаттарына газ қосуға тыйым салынады. Бұл шектеу жалпы қоғамдық қауіпсіздік үшін маңызды. Сол себепті, жоғары қабаттағы пәтерлерге газ қоспаудың бірнеше себептері бар. Ең бірінші – қауіпсіздік, яғни газ өткізу кезінде апатты жағдайлар немесе ақаулар орын алған жағдайда газдың таралуы мен жарылу қаупі туындамас үшін газ жүргізілмейді.

Екінші себебі – газдың қысымына байланысты, яғни жоғарыға қажетті мөлшердегі қысымда газ жеткізу қиын. Егер қысым төмендеп кетсе, газ құралдары дұрыс жұмыс істемей, қауіпті жағдайлар туындауы мүмкін. Сол себепті, жоғары қабаттардағы пәтерлерге электр плиталарын пайдалану қарастырылған. Биік үйлерді газбен жабдықтау тек жеке қазандық болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Техникалық мамандар тапшы

– 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақтағы Мәңгілік алауға табиғи газ жүргізілгенін білеміз. Қолайсыз ауа райы отқа әсер етпей ме? Оны кім бақылайды?

– Мәңгілік алау Жеңістің мәңгі естелігі іспеттес. Саябаққа барған адам міндетті түрде ол жаққа соқпай кетпейді. Тағым етіп, гүл шоқтарын қоюшылар да көп. Сондықтан алау ешқашан сөнбеуі тиіс. Бұған дейін Мәңгілік алау автономды режимде сұйытылған газбен

жабдыкталған болатын. Газ құрылғылары да 1975 жылдан бері жаңартылмаған еді.

Биылдан бастап «QazaqGaz Аймақ» АҚ Мәңгілік алауды табиғи газбен үздіксіз қамтамасыз етуді өз жауапкершілігіне алды. Мемориалдық кешеннің газ жабдықтауы толығымен заманауи құралдарға ауыстырылды. Алауды бақылайтын жауапты адамдар да бар. Бұған қоса, АлӨФ жанынан бригаданың тәулік бойы шығуын қамтамасыз ететін апаттық-диспетчерлік қызмет жұмыс істейді.

– Газ саласында маман тапшылығы бар ма?

– Кадр тапшылығы жоқ деп айта алмаймыз. Бұл мәселе энергетика мен мұнай-газ секторында, әсіресе, техникалық мамандар мен инженерлердің жетіспеушілігінен туындап отыр. Газ саласы жаңа технологиялар мен автоматтандыруды талап етеді, алайда бұл бағытта жұмыс істеуге қабілетті мамандардың саны шектеулі. Мәселен, бізге қазір жұмысшы, инженерлік-техникалық құрам бойынша мамандар жетіспейді. Тәжірибелі мамандардың көбі зейнетке шығып кетті. Ал олардың ізін жалғайтын жомтық қасы деуге болады. Сондықтан «QAZAQGAZ» АҚ университеттерге жаңа мамандар даярлауға белсенді түрде көмектесіп, студенттер үшін тағылымдама бағдарламаларын дайындауды қолға алып отыр. Жоғары оқу орындарында мақсатты іріктеу жүргізіп, жас мамандарды даярлауға инвестиция салады.

– Алматыда газ тапшылығы болуы мүмкін бе?

– Еліміздің ішкі нарығында газға деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Сол себепті, Энергетика министрлігі газ экспортының қысқарып, ішкі нарыққа арналып көбірек көгілдір отын бағытталатынын айтып отыр. Өзірге қалада газ тапшылығы болмайды.

– 2024 жылғы газ саласындағы қандай оқиғалар мен жетістіктерді аса маңызды деп атай аласыз?

– Биыл Алматы газ саласында бірқатар маңызды жетістіктерге қол жеткізді. Мақтан тұтарлық нәтижелер бар. Солардың ішінде ең ірісі – ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ті табиғи газға ауыстыру болды. Мәселен, биыл наурыз айында ЖЭО-2-ге дейін газ құбырының құрылысы аяқталды, жыл соңына дейін ЖЭО-3-ке дейін газ құбырының құрылысын аяқтау жоспарланып отыр.

Бұл жұмыстар Алматының экологиялық ахуалын жақсартуға, ауаның ластануын азайтуға үлкен үлес қосады. Маңызды жобалардың бірі ретінде «Алматы – Байсерке – Талғар» магистральды газ құбырының екінші тармағының құрылысы аяқталып, іске қосылуын атап өтуге болады. Нысан энергетика мен газ жүйесін күшейтіп, Алматы қаласын қосымша газбен қамтамасыз ете алады. Аталмыш жоба қала мен облыстың газ инфрақұрылымын нығайтып, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер туғызып отыр. Алматы агломерациясының экологиясын жақсартуға ықпал етуде.

Бұдан бөлек, қалада газ тарату жүйесі кеңейтіліп, жаңа станциялар салынып жатыр. Бұл алып Алматының газбен қамту сапасын арттырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және экономиканың дамуына ықпал етеді. Қала маңына қосылған елді-мекендердің барлығы дерлік газ жүйесіне қосылды. Жоғарыда айтып өткен, Мәңгілік алауды газға көшірдік. Қорыта айтқанда, отандық газ саласының болашағы зор. Ал Алматы осы саладағы даму мен модернизация жолына түскен заманауи қала.

– Ақылбай Есболұлы, алып Алматының газ инфрақұрылымын дамытуда үлкен жетістіктерге жете берудеріңізге тілектеспіз. Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

Алматылықтар қыста жаурамайды

– Ақылбай Есболұлы, соңғы жылдары Алматының аумағы ұлғайып, халқының саны жыл сайын артып келеді. Бұл өзгерістер қаланың инфрақұрылымдық жобаларға деген сұранысын арттырғаны сөзсіз. Бұл ретте Алматы қаласын газдандыруда қандай ілгерілеу бар? Қазіргі таңда қанша адам табиғи газ тұтынып отыр? Жалпы, Алматыны 100% газбен қамтамасыз етілген деп айта аламыз ба?

– Алматы халқының саны 2 миллионнан асады. Тұрғыны көп қаланы орталықтан-дырылған жылу жүйесімен қамту оңай шаруа емес. Десек те, «QazaqGaz Аймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалы алып шаһарды Инвестициялық бағдарлама шеңберінде газбен қамтамасыз етіп келеді. Алматылықтарды көгілдір отынмен қамтуда атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Мәселен, өткен жылы қала бойынша 22 нысан газдандырылды. «Шұғыла», «Маяк», «Шанырақ», «Қарасу», «Алтын бесік», «Көлсай», «Алатау», «Жас Қанат», «Первомайка» ықшамаудандарында және Алма, Уют бау-бақша серіктестіктерінде, оның ішінде «Рахат-Мәдениет» ықшамаудандарында барлығы 21 шақырым газ құбыры тартылды. Бұл жұмыстар 200-ге жуық тұрғын үйге газбен жабдықтау жүйесіне қосылуға мүмкіндік берді. Жалпы, газдандыру бағдарламасы бойынша 2023 жылы 500-ге жуық тұрғын үй газ жүйесіне қосылды. Нақтырақ айтсақ, бүгінгі таңда Алматы қаласы бойынша газдандырудың жалпы деңгейі 99,3%-ды құрап отыр.

– 7 қазаннан бастап Алматыда жылыту маусымы басталды. Газ тарату пункттері толық тексеруден өтіп үлгерді ме? Қысқа дайындықтарыңыз қалай?

– Жалпы, қысқы жылыту маусымына дайындықтың өзі үлкен жауапкершілікті қажет ететін науқан. Сондықтан бұл жұмыстар жердің қара, күннің жылы кезінде-ақ бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіліп отырады.

Биыл да біз жылдағы үрдістен жаңылған жоқпыз. Мамандарымыз күз бастала салысымен жеке тұрғын үй секторларын аралап, газдан келетін қауіп-қатердің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізді. Ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар да мезгілінде орындалып, барлық жоспарланған шаруалар уақытымен аяқталды. Нәтижесінде нысан-





МЕРЕЙ

«Ақшамның» қонақжай шаңырағының» бүтінгі кейіпкері – журналистика саласында өзіндік соқпағымен танылған, ұзақ жылдар шәкірт тәрбиелеп, қазақ баспасөзі тарихын тынымсыз зерттеп, Алаш қозғалысы қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын кейінгі буынға үлгі етіп жүрген алаштанушы ғалым. Бірнеше кітаптардың авторы. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің деканы Қайрат Өмірбайұлы САҚПЕН сұхбатымыз негізінен отандық БАҚ-тың өткені мен бүгіні, жалпы салалық журналистиканы дамыту және қолдау төңірегінде өрбіді.

Қайрат САҚ,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Журналистика және саясаттану факультетінің деканы:



факультетінде 12 жыл, оның ішінде 8 жыл кафедра меңгерушісі қызметін атқарып, 2008 жылдан бері арнайы шақырумен Астанадағы маңдай алды жоғары оқу орнына айналған атақты түркітанушы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде еңбек етіп келемін. Осында Журналистика және саясаттану факультетінің ашылуына ұйытқы болып, 13 жылдан асты, декан қызметіндемін. Келесі жылы 15 жылдық мерейлі межені атап өтетін факультетіміз аз уақытта биік белестерді бағындырып, қысқа мерзімде журналист мамандар даярлауда республикадағы бірегей орталыққа айналғанын басқа жоғары оқу орындарындағы әріптестеріміз мойындайды.

Соның нақты бір дәлелі – Республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктің «Журналистика және ақпарат» бағыты бойынша жобаларды басқару тобына жетекшілік ету жөнінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің шешімімен бізге берілуі. Оның екі себебі бар. Әрине, еліміздегі жетекші БАҚ-тардың Астанада шоғырлануы мен олармен тығыз байланыста дамуымыз бірінші артықшылығымыз болса, екіншіден – білім ордамыздың жеткен жетістіктерінің қомақтылығы. Факультетімізде «Қазақстан» телерадио корпорациясы» мен «Хабар» агенттігінің арнайы аудиторияларының ашылуы, ҚР Президенті телерадио кешені сыйлаған оқу телестудиясының жұмыс істеп тұруы, «Қазақ» радиосы сыйға тартқан радиостудия мен «Айқын» газеті жабдықтап берген арнайы аудиторияның және жақында Қазақ футбол федерациясының көмегімен ашылған Сейдахмет Бердіқұлов атындағы «Спорт журналистикасы» аудиториясының білім алушыларымызға қызмет етіп тұруы – жетістігіміздің бір парасы.

«ОТАНДЫҚ БАҚ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕЙ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙМЫН»

Журналистика – ғажап әлем

– «Қазақ баспасөзінің Бауыржаны» атанған Халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза «Алпыс деген тал түс» деп, осы жасқа жеткендер өмір атты белестің бел ортасынан енді асқан, нағыз толысқан, нағыз шыңдалған шағы деп баға беріп еді. Сіз де асқаралы алпыс жасқа толып жатыр екенсіз. Құтты болсын! Жалпы, алпыстың асуына қалай жеттіңіз? Өткен кез, балалық шақ, туған жер, ауыл тіршілігі, арман қуған сәттер... Осының бәрін көз алдымыздан бір өткізіп көрсек.

– Уақыт, шіркін, не деген жылдам десеңші? Алпыстың асуына қалай жеткенімізді білмей де қалыппыз-ау! Зу етіп өте шыққан қас-қағым сәт. Десек те, осы жасымызда көргеніміз бен түйгеніміз де аз емес екен...

Түркістан облысының Төлеби ауданына қарасты Төңкеріс елдімекені – менің туған ауылым. Бала кезімізде үлкендер «Ауылымызды бауырына алып жатқан мына Алатаудан асып түссең, Қырғызстан жеріне аяқ тірейсің» деп отыратын. Бұрындары екі елдің барымташылары жылқы айдап өтетін бір аяқты жол да болған дегенді еститінбіз. Қазір ол жол ұмытылған. Десек те, ауылымыздың маңайын шекарашылар күзететін рас, яғни ауылымыз шекараның өтінде жатыр. Қазақ-қырғыз шекарасы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін пайда болды ғой. Әйтпесе, бұрын айырқалпақты ағайындармен малшыларымыз жайлауда қатар қонып, малымыз мидай араласып жататын. Таудың етегінде орналасқандықтан қысы қатты әрі ұзақ. Алты ай қар астында жататындықтан төңкерістіктердің қалған алты айы мал-жанға азық дайындауға арналатын. Тұрмыс талабымен жастайымыздан еңбек еміп өстік. Қиындыққа төтеп берер төзімділіктің табиғатымызда бар екенінің сырын содан іздеген жөн шығар, сірә.

Оныншы сыныпты үздіктер қатарында аяқтап, журналист болсам деген арманмен ару қала Алматыға, қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Журналистика факультетіне оқуға түсуге аттандым. Оған себеп – мектепте қабырға газетін шығарып, ара-арасында аудандық газетке хабар-ошар жариялап қоятыным арқау болды. Содан бергі қырық жылдан астам саналы жұмырым журналистика деген ғажап әлеммен егіз өріліп келеді екен...

Дәстүрлі БАҚ – шындық алаңы

– Университет тәмамдап, үлкен өмірге жолдама алғандарыңызға да 35 жылға таяп қалыпты. Жалпы, сол кезгі және бүгінгі журналистиканы салыстырып бере аласыз ба?

– Әрине. Көз алдымызда өзгеріп жатқан әлем емес пе?! Ол кездегі журналистика мен бүгінгі журналистиканың айырмашылығы жер мен көктей. Оны қоғамдық-экономикалық формацияның өзгеруімен байланыстырып айтсақ, түсініктірек болады. Өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін Қазақстан КСРО (Кеңестік социалистік республикалар одағы деген атын бүгінгі ұрпақ ұмытқан) дейтін алып державаның құшағында тұншыққан, егемендігі шектеулі ел болатын. Бұқаралық ақпарат құралдарының бәрі КОКП (Кеңес Одағының коммунистік партиясы) аталатын алып партияның құзырында, ашса алақанында, жұмса жұдырығында. Медальдың екі жағы секілді оның да екі жағы бар екенін осы тұста айта кеткен жөн шығар. Жасы жағы – ол кездегі журналистиканың пәрменділігі өте жоғары болатын. Түсінікті тілмен айтқанда, БАҚ сынынан қорытынды шығатын. Журналист сөзі жерде қалмай, шешімін тауып жататын. Жаман жағы – партия журналистің әр қадамын бақылап, еркіндігін шектейтін. Цензура журналистің аяғына тұсау салатын. Ұлттық мүддеге қатысты тақырыптар жабулы

қазан күйінде қалуға тиісті кезең. Қазақтың қордаланып қалған қасіреттерін ашып жазу – ол тұста мүмкін емес еді. Басын бәйгеге тіккен журналистер оны астарлап қана жеткізумен шектелетін.

Ал қазір Қазақстан – ата-бабаларымыз аңсаған азаттыққа қол жеткізген, төрткүл дүниеге тәуелсіздігін жариялап қана қоймай, оны мойындатып келе жатқан жас мемлекет. Бір партиялық жүйеден бас тартып, демократиялық қағидаттарды ұстанған, нарықтық экономикаға көшкен елміз. Соған байланысты сан алуан БАҚ бар. Мемлекет меншігіндегілермен бәсекелесе алатын жеке меншіктегілермен қоса, партиялық, ұйымдық, ұжымдық, бизнестік мақсаттағы медиа дейсіз бе, толып жатыр. Оны аз көрсеніз, әлеуметтік желі деген тағы бар.

Журналистика теориясы мен тәжірибесін зерттеуші ғалым ретінде бір айтарым, дамыған елдерде дәстүрлі БАҚ халықтың сенімін ақтап, мүддесінен шығып, әлеуметтік желіге жол бермей, аудиториясын сақтап отырса, бізде керісінше болып тұрғаны қынжылтады. Оларда дәстүрлі БАҚ – шындық алаңы, ал әлеуметтік желі – өсек-аяң алаңы деген пікір қалыптасса, бізде керісінше болып жатқаны жан ауыртады. Осыдан қорытынды шығаратын уақыт туды деп ойлаймын.

Ұлттық идеологияның маңызды қағидасы

– Сіздің қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші ғалым екеніңізді жақсы білеміз. Бірнеше кітаптың авторы да атандыңыз. Әсіресе, «Қазақ» газетінің тарихын ұзақ зерттедіңіз. Ендеше, алғашқы ұлттық баспасөзде көтерілген қай мәселе бүгінгі қоғамда сіз үшін әлі де өзекті болып отыр деп ойлайсыз?

– Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, кезінде қазақтың, шын мәнінде, «көзі, құлағы һәм тілі» бола білген «Қазақ» газетінде көтерілген барлық мәселе – бүгінгі күні де өзекті.

Әсіресе, астын сызып тұрып айтуға тұратын мәселе – «Қазақ» газеті көтерген айрықша бір құндылыққа арнайы тоқталғым келеді. Ол – қазақтың бірлігі мәселесі. Алаш ардақтылары неге газеттерінің атын «Қазақ» деп қойды? Ол екі мақсаттан туындаған деп тұжырым жасаймын.

Біріншісі – патшалық Ресей монархиясы казак-орыстарға тартып еперген төл атымызды қайтару мақсаты. Екіншісі – ендігі жерде қазақ бір ұлт болып бірікпесе, онда ел болу арманы әдірем қалады, олай болса бір тудың астына бір жұдырық болып бірігейік деген мақсат. Осы мәселе бүгінгі таңда да өте өзекті деп білемін. Бүгінде қазақ бірміз бе? Осы сұрақ әрқайсымызды ойландыруы тиіс. Әлемнің барлық елдерінде ұлттық бірегейлік деген мәселе бар. Оны шешу – ұлттық идеологияның маңызды бір талап-қағидасы. Бізде онымен айналысып жатқан құрылым бар ма осы? Әй, жоқ-ау! Соның салдарынан бүгінгі қазақ алақұламыз. Қазақтілді қазақ, орыстілді қазақ деп бір бөлінеміз. Діншіл қазақ, дінсіз қазақ деп екі бөлінеміз. Діншіл қазақтар өз ішінде бірімен-бірі шайқасып жатқан бір заман. Ауыл қазағы һәм қала қазағы деп бөлінетіміз тағы бар. Ол аздай, енді қытай қазағы, моңғол қазағы, өзбек қазағы, орыс қазағы, иран-ауған қазағы деп елге қоныс аударған қандастарымызды шеттететінді шығарып жүрміз. Бұл – үлкен қауіп. Одан арылатын, біртұтас ұлт болып ұйығайтын кез келгелі қашан? «Қазақ» газетінің зерттеушісі ретінде мені толғандыратын мәселенің бірі осы.

«Қазақ» газетінен үлгі алып, отандық БАҚ бар қазақты бір қазаққа айналдыру мақсатына жұмылуы тиіс деп санаймын. – Журналист мамандар даярлау ісінде Еуразия ұлттық университетінің қандай жетістіктері мен жаңалықтары бар?

– Қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика

Біз заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман даярлау ісіне әрдайым маңыз беріп келеміз. Жаңадан ашып, елімізде алғаш жүзеге асырылып жатқан білім беру бағдарламалары (БББ) – соның нақты дәлелі.

Айталық, «Цифрлы медианы басқару» елімізде теңдесі жоқ білім бағдарламасы десек, артық айтқандық болмайды. Оны университетіміздің Ақпараттық технология факультетінің IT мамандары мен Сәулет және құрылыс факультетінің дизайнер профессор-оқытушылар құрамымен бірігіп жүзеге асырудамыз. Нәтижесінде елімізде цифрлы медианы дамытатын шәкірттер шығарудамыз. Бітіруші түлектерімізді жұмыс берушілер аяғын жерге тигізбей қызметке алып жатқанының сыры сонда. Бұдан бөлек, алғаш рет спорт журналистерін арнайы білім беру бағдарламасымен оқытып жатқанымызды, «Медиа өнері» БББ бойынша телевизия мен кино индустриясына продюсерлер мен сценаристер және режиссерлер дайындауды қолға алғанымызды сала мамандары қуана құптап, зор жетістік деп қабылдауда.

Кәсіби журналистер ұйымы керек

– Жеке шығармашылықта журналистің ұстанымы қандай болу керек? Блогер мен кәсіби журналистің аражігін ажыратып берсеңіз?

– Журналистика – мәртебелі мамандық. Халықтың көзі, құлағы һәм тілі болу – журналистің басты міндеті. Бірінші орынға ел мүддесін қойып, жеке мүддесін кейінге ысыратын жан ғана нағыз журналист бола алады. Қазақ журналистикасының бастауында тұрған Алаш зиялыларының отандық журналистика тарихында қалдырған сара жолы сол. Олар жеке мүдделерін ойлаған болса, бойларындағы тума талант, білім мен біліктерінің арқасында байлыққа малынып, шалқып өмір сүріп, ұзақ жасаған болар еді. Бірақ оған бармады. Халық қамын бірінші орынға қойды. Қоғамнан тыс өмір сүре алмайтындарын терең түсініп, қазақ қоғамын дерттен айықтырып, бодандық қамытынан құтқаруға бар күштерін салды. Қаймана қазағымен бірге болып, отарлық езгісінен құтқару күресінде жандарын пиде етті.

Дүниеге алданбай, халық жүрегінен орын алуға өмірлерін арнады. Қазақ жұртын азат етіп, Жапония секілді дамыған елдердің қатарына қосу қамындағы ұлы күреске журналистиканы пайдаланды, қаламдарын қару етіп жұмсады. Сол үшін абактыға жабылды, көп күндерін түрмеде өткізіп, ақырында атылды. Бірақ қысқа өмірлерінде мәңгілік ұмытылмайтынды із қалдырды. Қазақ журналистикасының абыройын асырып, туын биікте желбіреткен Алаш зиялыларының үлгі-өнегесі журналистердің ұстанымы қандай болу керек деген сұраққа толық жауап бере алады. Блогер мен кәсіби журналистің айырмашылығы да осыдан келіп шығады.

Блогер – жеке мүддесін бірінші орынға қойып, бас пайдасының жолында жүрген адам. Олар қаламдарын табыс құралы етіп пайдаланып, баю арқылы қоғамға ықпалдарын жүргізу қамындағы күрескерлер деп білемін. Ал нағыз журналистердің кімдер екенін жоғарыда талдап түсіндірген себепті қайталап жатуды артық көремін. Өкінішке қарай, қой терісін жамылған қасқырлар бүгінгі қазақ қоғамында күн санап артып барады. Қаймана қазақ кімнің блогер, кімнің кәсіби журналист екенін ажырата алмай дал болуда. Маңдайына блогер деп жазып қоймағандықтан қарапайым халық оларды да журналистер деп қабылдап, алданып жүр. Сондайлардың кесірінен журналистиканың беделі түсіп жатқаны да шындық. Сол себепті, оларды айықтап, өшкерелеп отыратын кәсіби журналистер ұйымы болғанын қалаймын.

Сұхбаттасқан Ә.ҚОНЫСБАЙ.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында алдағы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланған соң, аталмыш білім беру саласының тамырына қан жүтіріп, жастардың кәсіби білім алып, жан-жақты дамуына баса назар аударылып жатыр. Бүгінде Алматы қаласының өзінде жүзден астам ТЖКББ ұйымы бар. Олар мемлекеттің тапсырысы бойынша маман даярлап, ел экономикасының дамуына үлес қосуда.

Дүние жүзінде 16 қазан күні Халықаралық Нан күнін атап өту үрдісі бар. Осыған орай, Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде «Наубайшы шеберлігі» құзыреттілігі бойынша «НАН-FEST» қалалық кәсіби шеберлік байқауы осымен екінші мәрте өтті. Оған Алматы қаласындағы 6 колледждің 10 білім алушысы, жұмыс берушілер, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен Білім басқармасының өкілдері және т.б. қонақтар қатысты.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«НАН БОЛСА, ӘН ДЕ БОЛАДЫ»

«НАН-FEST» қалалық кәсіби шеберлік байқауы өтті

тегін айтылмаса керек. Бұл жәй байқау емес, өте маңызды дүние. Осынау байқау арқылы жастарымыздың бойына нанға деген құрметті арттырып, еңбектің қадірін білгізсек дейміз. Үлкен кісілер көбіне «онай жерде нан жоқ» деп жиі айтады. Шынында солай ғой. Ең алдымен, тер төгіп, еңбек ету керек. Сонау қиын кезде ата-бабамыз бір уыс дән үшін өмірін қатерге қиды емес пе? Міне, нан біздің ғана емес, әлем елдерінің де негізгі тағамдардың бірі. Өткізіліп отырған байқаудың басты мақсаты – нанның қоғам мен адамзат үшін маңыздылығын түсінуге ықпал ету. Әрине, жұмысшы мамандығының беделін арттыру, – дейді Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің директоры Айнуір Қуанышқызы.

Алматы мемлекеттік бизнес колледжі республикалық «Жас маман» жобасы бойынша «Наубайшы» мамандарына қажетті құрылғыларды ұтып алған еді. Италияндық құрылғылар өте сапалы. Әрі бұл құрылғылармен түрлі нан өнімдерін пісіруге, қамыр ашытуға болады. Сондықтан байқауға қатысушылар үшін құрылғылармен жұмыс істеу қиынға

түскен жоқ. Байқау үш кезең бойынша өтті. Әділқазылар, өндіріс озаттары, аспаздар қатысып, бағалады.

«НАН-FEST»-тің Бас жүлдесін «Алматы технологиялық-экономикалық колледж» студенті – Өлішер Шаймарданов жеңіп алса, бірінші орынды «Алматы Технологиялық колледжінің» студенті Илесбай, екінші орынды «Алматы Экономикалық колледжінің» студенті Алина Алтаева мен Алматы Мемлекеттік Бизнес колледжінің студенті Ильяс Срабай, үшінші орынды – «Алматы экономикалық колледжінің» студенті Аруна Амангелді мен «Туризм және Қонақжайлылық индустриясы» колледжінің студенті Камила Гурова иеленді.

Сонымен, аталмыш байқаудан не күтуге болады? Байқау барысында өз мамандығының нағыз мамандары белгілі болды. Ендігі жерде байқау жеңімпаздарының озық іс-тәжірибесі мен олардың жетістіктерін басқа да оқу ордаларында насихаттайтын болады. «НАН-FEST» байқауында Алматы технологиялық колледжінің студенті Илесбай Айқын (Өндірістік оқыту шебері – Айдана Құрман-

ғазықызы), Алматы технологиялық колледжінің студенті Әлімбай Сәбит (Аяужан Исақызы – арнайы пән оқытушысы), Алматы экономикалық колледж студенттері – Алина Алтаева мен Аруна Амангелді (Гүлсая Жеткізгенқызы), Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің студенттері – Камила Гурова мен Санжар Өмірзақов (оқу шеберлері – Әсия Кеңесқызы, Юсуп Сеитниязов), Алматы технологиялық-қаржылық және инновациялы-техникалық колледжінің студенті Ангелина Адарич (Әсем Құрметханқызы), Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің студенттері – Илияс Бейсенұлы мен Білімжан Азизжанұлы (Камшат Таңатарқызы), Алматы технологиялық-экономикалық колледжінің студенті – Өлішер Шаймарданов (Динара Күлтаева) байқаудың Алғыс хаттарымен марапатталды.

Байқауды ұйымдастырушылардың ендігі мақсаты «НАН-FEST»-ті келешекте республикалық деңгейде өткізуге күш салмақшы. Ең бастысы – әрбір қатысушы ас атасы атанған нанның адам өміріндегі маңыздылығы туралы терең ақпарат алғаны анық.



Аталмыш байқауды Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің басшысы Айнуір Қуанышқызы ашты.

– Халқымызда «Нан – астың атасы», «Нан болса, ән де болады» деген тәмсілдер

СЛЕТ

«МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН»

Алматыда туристік экспедициялық жасақтардың республикалық «Менің Отаным – Қазақстан» слеті өтті. Слетке жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының Астана, Алматы және Шымкент қалалық слетінің 57 240 жеңімпазы қатысып, өз өңірлерінің озық тәжірибесін ортаға салды. Жалпы, өткізіліп отырған слет балалар мен жастардың бойына Отанға деген сүйіспеншілікті оятып қана қоймай, патриоттық сана-сезімді қалыптастыруды мақсат тұтқан. Әрине, туристік саланы насихаттауға белсене қатысқан жас ұрпақтың салауатты өмір салтын да берік ұстанатыны анық.

Қазіргі таңда еліміз бойынша туризм саласы жан-жақты дамып келеді. Әрине, оның дамып, гүлденуі бүгінгі мектеп оқушыларына, келешек жас ұрпаққа тікелей байланысты. Сондықтан ендігі жерде осындай экспедициялық жасақтар жиі бас қосып, аталмыш слет тұрақты өткізілетін болады.

Біздің еліміз де әлем елдері сияқты Туризм күнін белгілеп, атап өтуде. 1979 жылы испаниялық Торремолино қаласында Дүниежүзілік туристік ұйымының Бас Ассамблеясы «Дүниежүзілік туризм күнін» бекіткен еді. Ал 1970 жылдың 27 қыркүйегінде Дүниежүзілік туристік ұйым Жарғы қабылдап, дәл осы күн туризм күні болып белгіленген болатын. Аталмыш мейрамды атап өту арқылы туризмді дамытып, түрлі мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты нығайту көзделген. Сонымен қатар, туризмнің маңыздылығы мен оның әлеуметтік, мәдени, экономикалық мәнін халықаралық деңгейге жеткізу де осы мереке аясында қамтылып отыр. Кей мемлекеттер үшін туризм саласы өте маңызды. Ең алды-

мен, экономикалық фактор және мемлекеттік бюджет кірісінің негізгі көзі болып табылады.

Сондықтан дәл қазір «Дүниежүзілік туризм күнін» әлемнің көптеген елі 30 жылдан астам уақыт атап өтіп келеді. Аталмыш мереке жыл сайын Бүкіләлемдік туристік ұйым бекіткен тақырып аясында аталып өтеді. Әрине, дәл осы күні туризмге арналған жиындар, байқаулар мен фестивальдар өтеді. Алматыда өткен слет барысында қатысушылар «Ат туризмі» және «Туристік маршруттар» номинациясы бойынша өздерінің зерттеу жұмыстарын қорғады. Олар ат туризмінің ерекшелігі, оны табиғатпен байланыстыра дамыту тәсілі, бұған қоса мәдениет пен тарихтың жаңа қырларын ашуға қалай көмектесетінін айтып береді. Сондай-ақ, барлық қатысушылар туристік маршруттар туралы өз білімдерімен бөлісіп, табиғи және мәдени мұраны сақтаудың ел болашағы үшін зор маңызы туралы ойларымен бөлісті.

– Слетке қатысушылар Алматының табиғатын, туризмнің нағыз орталығы екенін ай-



тып, ризашылықтарын білдірді. Жаңа орта тауып, өздері қатысқан жарыстар мен жорықтары туралы тәжірибелерімен бөлісті, – дейді Оқушылар сарайының басшысы Айгүл Болатбекқызы.


Алматыда бас қосқан ел жастары да домбыра мен гитараның сүйемелдеуімен туристік әндерді орындап, өз өнерлерін көр-

сетті. Слет жеңімпаздары арнайы диплом мен сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері Алғыс хатпен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификат табысталады. Слеттің жабылу салтанаты Оқушылар сарайында өтті.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ТҰЛФАТАНУ

«АҚШАМ»
мен

САҒАТ ӘШІМБАЕВ

немесе алып мегаполистің
бас басылымы хақында

80-жылдардың аяғына қарай елдегі саяси жағдайдың бағыт-бағдарында болып жатқан өзгерістер өзінің мол ықпалын тигізді. Ел бостандығы мен ұлттық мүдде жолындағы талпыныс нышандары біртіндеп орталық бұғауын бұзуға жол аша бастаған еді. Не керек, сол кездегі астанамызға қазақ тіліндегі қалалық газет қажет екені үлкен мәселе болып көтеріліп жатты. Осындай қозғалыстардың арқасында «Almaty aqshamy» газеті дүниеге келген болатын. «Ақшам» деген сөздің өзіне сол кезде үрейлене қарағандар да болмай қалмады. Оны дінге қатысты атауға балап, аяқтан шалғысы келді. Бұл мәселеге Қа-

«Алматы ақшамы» арпалыспен, азаппен жарық көрді. Әлі де Мәскеудің мысы басып, соған қарап қол жайып, бата сұрайтын кез. «Ақшамның» жеке-дара газет болып жарыққа шығуында қоғам мен қауымды дүр сілкілтіп келген айтыс өнері үлкен рөл атқарып кетті. 1989 жылы наурызда өткен айтыста Әселхан мен Әзімбектің сөз сайысына «Алматы ақшамы» арқау болады. Әселхан Қалыбекова:

*Рахмет, құттықтаулар қаулар тағы,
Әйтсе де басылмайды даулар жағы.
Әйтеуір зиялылар оқып жүр зой,
Күнге «Вечеркадан» аударманы, –* дейді. Сонда Әзімбек Жанқұлиев марқұм: *Жеңеше, жібердіңіз оталдырып,
Шын қайны Әселханға атандырып.
Сол «Ақшам» шіркін, жеңеше шықса,*

қайтер,
Бөлініп өз алдына отау құрып, – дейді жұлып алып. Осыдан кейін Сырбай Мәуленов пен Рахманқұл Бердібаев бастаған ынталы топ құрылып, осы мәселеге қайта кіріседі. Міне, «Almaty aqshamy» осындай тартыспен, ұлтжанды азаматтардың табан тіреп, қажырлылық танытуының арқасында дүниеге келген басылым.

Сол 1990 жылдары «Қазақстан» телеарнасының «Парыз бен қарыз» бағдарламасында көрнекті сыншы, ғалым, ұлт жанашыры, сол бағдарламаның жүргізушісі Сағат Әшімбаев та газет туралы жақсы пікір айтып, басылымның таралуын арттыру жайында арнайы сөз қозғағаны бар.

Бағдарламаға қонақ болып атақты ақын Фариза Оңғарсынова, өнер зерттеушісі, «Жеті муза» ұйымының жетекшісі Бақтар Мекішев, жазушы-драматург Дулат Исабеков, т.б. ұлт зиялылары қатысты. Ол кез еліміздің тәуелсіздік алып, қиын шақтарды басынан өткізіп жатқан кезі. Осындай қиын кездің өзінде газеттің таралымы туралы мәселе қозғалып, елеулі істер атқарылып жатты.

Қазір, шүкір, ел жағдайы жақсара бастады. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде де алға басу бар. Ұлт болашағы үшін жарық көріп келе жатқан «Almaty aqshamy» газетінің таралымын арттыруға қалай десек те мүмкіндік мол. Бұған, әрине, ең бірінші кезекте оқырмандарымыздың өздері ұйытқы болуы керек деп ойлаймыз. Бұл сіздердің қолдарыңыздан келетін іс.

Бағыты бөлек басылым деп бір айтсақ, біздің «Almaty aqshamy» газетіне қарата айтуға болар деп ойлаймыз. Газеттен газеттің не айырмашылығы болушы еді, бәрі негізінен елдегі әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайлар мен қоғам өмірі туралы айтады емес пе дерсіз. Иә, солай солай ғой, бірақ айтудың да түрі, жазудың да жөні бар.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Бір қарағанда, жәй ғана ресми басылымдардың санатына жатқыза салуға болатын баспасөз түрін несімен айшықтап, несімен ерекшелер едік. Енді соған аз-кем тоқтала кетсек.

Қазақта «қолына қан шеңгелдеп туған бала» туралы айтылатын әфсаналар аз емес. Шыр етіп дүниеге келген кезде көзін ашпай жатып-ақ ел назарына іліккен ондай

балалар тегін болмаған. «Almaty aqshamy» газетінің тағдыры да тура сондай.

Бұл әуелі халықтың құрсағында жатты. Қанша күн, қанша ай, тіпті қанша жыл жатқаны бір Құдайға ғана аян. Толғағы да аз болған жоқ. Өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғына таман Алматыда жергілікті халықтың үлес салмағы біртіндеп арта бастаған болатын. Оның үстіне, қылышынан қан тамып тұратын Кеңес Одағында да сол уақыттарда түрлі оң өзгерістер болып жатты. Жариялылық, қайта құру деген саясаттар Одақта бас қосқан барлық республикаларға да қозғау сала бастағандай болды. Бұл орайда, әсіресе, біздің Қазақстаннымыздың зиялы қауым өкілдері ерекше көш бастады. Ұлтымыздың тарихы мен болашағы жайында батыл ойлар айтылып, жазыла түсті.

зақстан Орталық партия комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің өзі нүкте қойды. Республикалық «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде «Ақшам» деген бет баяғыдан бері бар болатын. Сол тұста ол да тірек болды. Әйтеуір қазақтың әлім-сақтан келе жатқан арда сөзін қазақ зиялылары әрең дегенде арашалап қалады.

Газет ең алғаш 1988 жылы 1 шілдеде «Вечерканың» ішіндегі қосымша аудармасы болып жарық көрді. Бюллетень секілді хабарландыру, ресми ақпараттан көз сүрінетін айқарма беттер оқырман есінде болар. Газет екі жылдан соң, 1990 жылы 17 ақпанда ғана дербес отау болып бөлініп шықты. Қазіргідей газет пен журнал қаптаған заман емес, ол жылдары қазақша басылымның жарық көруі деген сенсация, дүмпуге айналатын.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ҰСТАЗ АРДАҚТАЛҒАН КҮН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын алған республика ұстаздарының қатарында мен түлеп ұшқан М.Мақатаев атындағы №140 гимназия директоры, физика пәнінен дәріс берген ұстазым – Сәния Өскенбайқызы Тілеубай да бар.

Ұстазымыз Сәния Өскенбайқызының мынадай жеті түрлі қырын ерекше атап өткім келеді. Біріншіден, басының бойы – тұнып тұрған ізгілік. Әр оқушының тағдырына жауапкершілікпен қарайды. «Үміт артқан көзімнің нұры – балам» демекші, әр баланы нұрға балаған ол сәтсіздіктер кезіксе, шыдас беруге, мол жетістіктерге жеткенде мақтаныштан тасып кетпеуге үйретеді.

Екіншіден, өз ісіне адалдығымен ерекшеленеді. Жан-жағына нұрын шашып жүретін ол – әдемілік пен адалдықтың символы. Білімнің бала көкейіне қонуы үшін туындаған сауалдарды шешуде оқып-ізденудің қажеттілігін үнемі айтып отырады. Адалдықты тұмар етіп, әр баланың жұлдызын жағып жүрген басшы – ел алғысына бөленген тұлға.

Үшіншіден, ол – мейірімге толы жүрек иесі. Жылулық сезімі әр оқушыны ерекше баурап алады, айналаға ыстық ықыласпен қарауы жан тебіренетеді, қоңырау кезінде ұстазын көре қалған оқушылар «аппайлап» құшақтай алады.

Төртіншіден, адам жанына ем бола біледі. Әр баланың көңіл күйіне қарап, сыныпқа



оңтайлы ахуал қалыптастыруда ерекше шеберлік танытады. Ұжымының әрбір ұстазының отбасылық жағдайымен танысып қана қоймай, үш мыңға тарта оқушыларының аты-жөнін жатқа білетін басшының іскерлігіне қайран қаласың.

Бесіншіден, ізденімпаз. «Жеттім, толдым деген адамның дамуы тоқтап, міндетті түрде кері кетуі басталады» деген ұстанымды ұстанатын Сәния Өскенбайқызының ең тамаша қасиетінің бірі – үнемі ізденіс үстінде жүретіні. Ақиық ақын атындағы гимназия

шәкірттерінің М.Мақатаевтың кемі 30 өлең жаттап өсуіне ықпалдастық етіп отырған да осы – Сәния Өскенбайқызы.

Алтыншыдан, заман ағымына қарай жұмыс жасайтын, әмбебап маман. Жаңалықтарды тез игеріп, қоғамдық өзгерістерге тез бейімделеді, жаңадан жаңаны табуымен, жаңашылықтық бастамашысы болуымен дараланады. Бұл баланың төзімді болып өсуіне де жәрдемдесері анық. Өзі физика пәнінің мұғалімі бола тұра, құлақ құрышын қандыра ән салып, өлең оқып, шешендік өнерімен таңдандыратыны – күллі жасқа үлгі-өнеге.

Жетіншіден, Сәния Өскенбайқызы – жандүниесі жағынан рухани бай тұлға. Оқушыларды ұлттық құндылықтарды дәріптеуге жетелеп, бойында отансүйгіштік қасиеттерінің қалыптасуына себепкер болу жолында аянбай еңбектеніп келеді.


Ұстазым жайлы айта бергім келеді. Жүрегім – жылы естелікке толы. Аталған жеті қасиеттен де бөлек адами құндылықтары да жетерлік. Оқушы кезімізде физика пәнін асыға күтетінін, оған себеп – Сәния апайым. Дәл осы сабақта сілтідей тыныштық орнайтын, себебі сабақты бар күш-жігерімен тамаша түсіндіретін ұстазымыздың бір сөзін қалт жібермей тындауға тырысатынымыз. Физика заңдылықтарын өмірмен байланыстырып та, өлеңдерден мысал келтіріп те, тәжірибе жүзінде де көрсететін. Әрбіріміз сабақты ой елегінен өткізіп, барлық ақпаратты толыққанды меңгеріп алатынымыз. Қазір ойлап қарасам, біз ұстазымыздың сабағында білім нәрімен сусындап қана қоймай, 45 минутта 45 түрлі жақсы қасиеттерін бойымызға сіңірген екенбіз.

Дана ӘБДІМАНАП.



Отандық электронды коммерция:

ОНЛАЙН САУДАДАҒЫ АЛАЯҚТЫҚ

Бұл жүйені пайдаланып,
оңай олжа тауып жүргендер көбейген

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Сәния
МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ,
заңгер, кәсіби медиатор:
**ЕҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ БІРІ**

Онлайн саудадағы алаяқтық – қазіргі кезде ең кең таралған құқық бұзушылықтардың бірі. Ол интернет арқылы жасалатын сауда-саттық кезінде тұтынушылардың немесе сатушылардың құқығын бұзумен байланысты болады. Заңгер ретінде азаматтарға онлайн алаяқтықтың негізгі түрлері мен оған қарсы қолданылатын заңдық шаралар туралы жиі айтамын. Онлайн саудадағы алаяқтықтың түрлері мыналар: Біріншіден, жалған дүкендер – алаяқтар интернетте жалған веб-сайттар немесе жалған парақшалар ашады. Олар шынайы дүкен сияқты көрінуі мүмкін, бірақ ақша төленгеннен кейін тауар жіберілмейді немесе мүлдем жоқ тауарды сатып жіберуге тырысады. Төлем деректерін ұрлау да жиі кездеседі. Тұтынушының төлем деректерін пайдаланып, рұқсатсыз транзакциялар жасайды немесе деректерді сатуға тырысады. Алаяқтар жалған төлемдер немесе қайтарымдар жасап, ақшанызды немесе деректеріңізді ұрлауға тырысады.

Қазақстан Республикасында «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» және «Ақпараттандыру туралы» Заң алаяқтықпен күресуге негізделген. Егер сіз онлайн саудада алаяқтықтың құрбаны болсаңыз, ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабы (алаяқтық) бойынша сотқа шағымдана аласыз. Интернеттегі төлемдерді қауіпсіз жүйелер арқылы ғана жасауға тырысыңыз. Алдымен банк немесе төлем қызметтерінің қауіпсіздік шараларын тексеріп алыңыз. Интернет дүкендерге тапсырыс берген кезде, дүкеннің заңдылығын тексеріп, басқа тұтынушылардың пікірлерін және сайттың мекенжайын мұқият зерттеген жөн. Алаяқтықтың құрбаны болса, құқық қорғау органдарына хабарласып, сотқа талап-арыз жазу керек. Құқық бұзушылықтан келген шығындарды өтеу үшін сотқа талап-арыз жазу міндетті. Егер полиция әрекет етпесе немесе тиімді шаралар қолданбаса, прокуратураға арыздануға болатынын еске саламын.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

2023 ЖЫЛЫ:

- * 3258 заңсыз онлайн сауда тіркелген;
- * Жеке деректерді ұрлаудың 3218 дерегі анықталған;
- * 1992 жалған онлайн несие рәсімделген;
- * Банк атынан хабарласатын алаяқтықтың 1727 дерегі анықталған.

құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде арттырған жөн», деп Үкіметке интернет алаяқтықпен күресті күшейтуді тапсырған еді. Бірақ соған қарамастан, интернет алаяқтық саны көбеймесе, азаймай тұр», – дейді Гүлзат Мергенәліқызы.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазір әлеуметтік желінің барлығында жалған жарнама толып тұр. Сайт немесе интернет дүкендердің платформалары арқылы қалаған тауарыңызға тапсырыс бере аласыз. Алаяқтар көбіне осы онлайн қызмет кезінде алдап кетеді. Ақшасын төлеп, бірақ тапсырысын алмаған 3300-ге жуық адам полицияға арыз жазған. Интернет-дүкендердегі төмен бағадағы тауарларға қызыққандар төлем жасаған соң, алданғандарын кеш түсінеді.

Онлайн сауданы жақсы көретіндердің бірі алматылық Саида осы жазда 50 мың теңгеге бірнеше киімге тапсырыс берген. Кез келген тұтынушы тауарды онлайн сатып аларда одан бұрын сатып алғандардың пікірін оқып та алаяқтардың құрбаны болуы мүмкін. Мысалы, тауарға теріс баға берген тұтынушының жазған пікіріне алаяқтар «дәл осы тауарды арзан бағада әрі сапалы түрін осы дүкеннен сатып алдым» деп жазады да, астына сілтеме немесе WhatsApp нөмірін қалдыруы мүмкін. Көбі осы сөзге сеніп, бағасы арзан әрі сапасы жоғары тауар аламын деп тапсырыс береді. Сөйтіп, тауарды да ала алмай, ақшасын да қайтара алмай қалып жатады. Сондай алаяқтардың біріне алданған Саиданың заңгердің көмегіне жүгінуден басқа амалы қалмапты.

«Әлеуметтік желідегі парақшасында оқырмандар саны көп болғандықтан сенімді болып көрінді. Тауарға жазылған оң пікірлерді оқыған соң жарнамасы жалған болады-ау деген күдік болған жоқ. WhatsApp арқылы менен тапсырыс алған адам алдымен

жарты бағасын, 2 күннен кейін жалпы соманы толық жіберуімді сұрады. Бірақ тапсырыс берерде «жалпы соманы тауар қолыңызға тиген соң жібересіз» деген еді. Осы жерде өзімнен де ағаттық кетті. Әуелде осылай айтқанына аса мән бермей, ақшаны жеке шотына аударып жібердім. Тапсырысты шілде айының аяғында бердім. Кейін ол адам байланысқа шықпай, жоқ болып кетті», – дейді Саида.

Жалпы, тауарды әрқашан тексерілген, сенімді сайттардан алған жөн. Жалған жарнама арқылы табысын еселейтіндерге қалай тұсау саламыз? Маманнан сұрап көрдік.

«Талғаммен киінген, 30 жас шамасындағы әйел адам өзін Инстаграм желісінде әйелдер киімін сататын кәсіпкер ретінде таныстырып, тікелей эфирде отырып, халықтың сеніміне кіреді. Тапсырыс берген тұтынушының алғашқы тауарын жібереді де, келесі де ақшасын алғанмен, тапсырысты жібермей қояды. Көбінің алаяқтық схемасы осылай өрбиді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында: «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді

19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

ӨРТ СӨНДІРУ ҚЫЗМЕТІ

жас өрендерді қызықтырады

Түркісіб ауданы Төтенше жағдайлар басқармасы 19 қазан – Құтқарушылар күніне орай «Ашық есік» күнін өткізді.

Айнабай
МӘДИ

Кәсіптік мереке қарсаңында №11 өрт сөндіру-құтқару қызметі бөлімінің базасында ұйымдастырылған салтанатты жиында саланың жетекші мамандары жиылған қауымға жетіжұттың бірі – өрт апатымен бетпе-бет келіп, көкала түтінге көмілсе де, алаумен арпалысатын жалынды жанкешті мамандықтың қыр-сырын ашып бергендей. Мамандар жиылған жасөспірімдерге төтенше жағдайлар қызметшілерін даярлайтын оқу орындары жайлы ақпарат та берді. Апат айтып келмес, осы күнге дейін өрт сөндіруші-құтқарушы мамандар сол «тілсіз жау» аталатын дүлей апаттан қаншама адамды арашалап, соншама қоғам мен мемлекет мүлкін құтқарып қалғанын статистика сайрап айтып береді.

Жауынгер мамандықтың жауапкершілігі қат-қабат, қиындығы мен қызығы қатар



жүреді. Төңіректің белсенді тұрғындары мен мектеп оқушылары бұл күні өрт сөндіру-құтқару қызметінің құрал-жабдықтары, өрт сөндіру техникалары мен саймандарымен танысты. «Өлі разы болмай, тірі байымас» деген, 1989 жылғы маусымда «Алматы-2» теміржол бекетінде болған алапат өрт апаты кезінде ерлікпен қаза тапқан өрт сөндіруші қызметшілерінің рухына бағышталған ескерткіш-белгіге гүл шоғын қою рәсімі өтті. Өрт сөндіру-құтқару қызметінің ардагерлері өткен қызметтік шақты еске алып, жастарға ақ тілегін арнады.



Бәлкім, бұл қызығушылық кәсіптік дағдыға айналып, олардың біразының болашақта біздің қатарымызға қосылуына игі әсер етер деген ойдамыз. Иә, бұл – оңай кәсіп емес, қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандық. Қызығы дегенде, «Алғыспен ер көгерер» деген қазақтың даналық сөзін айтамын. Қызметімен қадірлі болып, ел-жұрттың алғысын алып жүргенге не жетеді», – дейді Төтенше жағдайлар министрлігінің ардагері, кордағы (запастағы) өртке қарсы қызметтің подполковнигі Гүлшат Дәуренбекова.

Кәсіби мереке қарсаңында ұйымдастырылған бұл шараның мақсаты – қоғам мен елдің қауіпсіздігіне өлшеусіз үлес қосып отырған өрт сөндіру-құтқару қызметіне өскелең ұрпақтың назарын аудару. Өрт сөндіруші-құтқарушы мамандығының қадірін арттыру қажет. Жас өрендердің қарапайым өрт қауіпсіздігі ережесіне мән беріп, оның негізіне көңіл бөлуін қалап, оқушыларға осы салада қолданылатын арнаулы құрал-жабдықтарды көзбен көріп, қолмен ұстауға жағдай жасалды.

«Бұл мамандыққа қызығушылық бар.



«FRANKFURTER BUCHMESSE–2024»

ФРАНКФУРТТАҒЫ КІТАП ЖӘРМЕҢКЕСІ

қазақстандық авторлардың 250-ден астам кітабы таныстырылды

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз орталығы хабарлағандай, Германияның Майндағы Франкфурт қаласында «Frankfurter Buchmesse–2024» Франкфурт кітап жәрмеңкесі өтуде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Рустам ӘЛИ,
ҚР МАМ Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы:

БІРЕГЕЙ МҮМКІНДІК

Қазақстанның Frankfurter Buchmesse–2024 кітап жәрмеңкесіне қатысуы – еліміз үшін маңызды тарихи оқиға. Бұл халықаралық платформа бізге мәдени мұрамызды таныстырып, қазақстандық авторлар мен баспагерлерді әлемдік деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді. Жәрмеңке аясында тек отандық басылымдарды таныстырып қана қоймай, болашақта стратегиялық байланыстар орнату үшін маңызды кездесулер мен келіссөздер өткізуді жоспарладық. Бұл бастама біздің кітап нарығының дамуына, оның жаңа деңгейге шығуына және авторлардың шығармаларын әлем бойынша таратуға бірегей мүмкіндік береді.



Әділ ҚАЖЕНБАЙҰЛЫ,
Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры:

БҰРЫН-СОНДЫ БОЛМАҒАН ҮРДІС

Биылғы жәрмеңкенің ерекшелігі – Мәдениет және ақпарат министрлігінің арнайы қолдауымен арнайы тегін стенд алынып, оған еліміздің бірқатар іргелі баспаларының келуі. Бұл бұрын-соңды болмаған үрдіс. «Қазақстан» деген арнайы стендтің арқасында барлық баспалардың өкілдері жиналып, қатысуға мүмкіндік алды. Мұнда арнайы кездесулер ұйымдастырылуда. Шетелдіктер біздің баспаларымыздың өнімдеріне өте қатты қызығушылық танытып, танысып, көріп жатыр.

Болашақта жыл сайын мемлекет тарапынан тұрақты көмек көрсетіліп, арнайы стендтер алу жоспарлануда. Еліміздің Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның арнайы тапсырмасымен Қазақстанның беделді баспалары қатыссын деп арнайы қаражат бөлініп, «Қазақстан» атты ауқымды стенд жасалды.

Жалпы, кітап жәрмеңкесінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген баспалар өкілдері, кәсіби мамандар бір-бірімен танысып, келіссөздер жүргізіп, аударма жөнінде келісім-шарттар жасалып жатыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: ҚР МАМ баспасөз қызметі).

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

«ЖАРҚЫН КҮЗ»

экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған науқан

Шаһарда «Таза Қазақстан» жалпы республикалық бағдарламасы және «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық науқаны аясында қала тұрғындары арасында экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған «Жарқын күз» науқаны басталады. Алдағы күндері қаланы күзгі-қысқы кезеңге дайындауға ерекше назар аударылатын болады.

18–24 қазан аралығында Алматыда қала көшелерінде, аулаларда, қоғамдық кеңістіктерде және жол

инфрақұрылымының бойында ағаштарды санитарлық өңдеу, құлаған жапырақтар мен қоқыстарды

жинау бойынша ауқымды жұмыстар жоспарланған. Сондай-ақ, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Қарғалы, Боралдай, Жарбұлақ, Тіксай және Үлкен Алматы каналы сынды өзендер мен сулардың жағалауларын қоқыстан тазарту жоспарлануда.

Қалалық коммуналдық қызметтер мен мердігерлік ұйымдар жалпы ұзындығы 1525 км арық желілерін тазарту бойынша жұмысты күшейтеді, бұл арықтардың бітеліп

қалуының алдын алуға және жаңбыр суын тиімді бұруға ықпал етеді. Тазалау процесіне 1 мыңнан астам арнайы техника мен 1,4 мың жол жұмысшысы тартылатын болады, олар 5 мыңнан астам аула учаскелерін, жүру бөліктері мен тротуарларды ретке келтіреді.

Айта кетейік, қоршаған ортаны қалдықтармен, соның ішінде қатты тұрмыстық қалдықтармен ластау мәселесі мегаполис үшін өзекті болып қала береді. Тек арық желілерінен коммуналдық қызмет қызметкерлері күн сайын 250 м³ қоқыс жинайды.

Қ а л а т ұ р ғ ы н д а р ы н ы ң қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ағаштар мен үлкен бұтақтардың құлау қаупін азайту мақсатында

3,7 мың ағашты санитарлық кесу жүргізіледі, сондай-ақ 460 апатты ағаш алынып тасталады.

Сонымен қатар, науқан барысында 1454 контейнерлік алаңды санитарлық өңдеу және 32 мыңнан астам көше және аула урналарын тазалау жүргізіледі. Қажет болған жағдайда контейнерлер жөнделеді және сырланады.

Естеріңізге сала кетейік, «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны қалалық инфрақұрылымға деген қамқорлықты дамытуға және қала тұрғындары арасында жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АБАТТАНДЫРУ

СКЕЙТ АЛАҢЫ БАР ЖАҢА СКВЕР

«Алатау» шағынауданында жалпы ауданы 0,8 га болатын жаңа демалыс аймағы ашылды

Бұрын Ибрагимов көшесіндегі қараусыз қалған учаскеде енді жаңа қоғамдық кеңістік құрылды. Жоба бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді: жаңа ойын және спорт кешендері, скейт алаңы жасалды. Дұрыс демалу үшін беседкалар мен орындықтармен жабдықталған демалыс аймағы қарастырылған.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жалпы ауданы 0,6 га аумақты көгалдандыруға ерекше назар аударылды: ағаштар мен гүлдердің әртүрлі сорттары отырғызылды. Салауатты көріністі сақтау және екпелерге күтім жасау үшін автоматты суару жүйесі қарастырылған.

Сондай-ақ, сквер аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтау желілері, сыртқы жарықтандыру жүргізілді және инфрақұрылым объектілеріне қызмет көрсету үшін техникалық үй-жай көзделген.

Айта кетерлігі, Медеу ауданына қарасты «Алатау» шағынауданы Алматыдан 25 км қашықтықта орналасқан. 1957 жылы құрылған. Бұған дейін Алатау поселке

ретінде Алматы облысының құрамына кірген. Шамамен 30 жыл бұрын Алматының Медеу ауданына қосылып, «шағынаудан» мәртебесін алды.

Бүгінде тұрғын алабы өсіп, дамып келеді. Биыл тұрғындар үшін жалпы ауданы 7,3 мың ш.м., қуаты ауысымына 149 адам болатын денешынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен 2025 жылы сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысы басталады. Бұдан басқа, келесі жылы «Алатау» мемлекеттік ауруханасының ғимаратын қайта жаңарту жоспарланған. Сондай-ақ, Мәдениет үйін қайта құру бойынша 2 жылға есептелген жобаны іске асыру қолға алынады. Жоба бойынша жергілікті тұрғындар үшін комьюнити-орталығын орналастыру қарастырылған.





ҚР Туризм және спорт министрлігі:

ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНА ТАЛАП



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ИНФОРМАЦИОННОЕ
СООБЩЕНИЕ

ҚР Туризм және спорт министрлігі
Қазақстан футбол федерациясынан
түсініктеме беруді талап етті.

Министрліктің ресми интернет-ресурсында жарияланған мәліметке сәйкес, әлеуметтік желілерде футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Станислав Черчесовтің қазақ тілін кемсітуге тырысқаны туралы бейнематериал кеңінен таралып, қоғам тарапынан наразылық туғызған. Министрлік бұл жағдайға бей-жай қарамай, Қазақстан футбол федерациясына ресми хат жолдаған.

Хатта мемлекеттік тілдің мәртебесі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Тіл туралы» Заңына сәйкес жоғары тұратыны және оған барлық азаматтың құрмет көрсетуі керектігі айтылған. Сонымен қатар, федерациядан осы оқиғаға түсініктеме беру және мемлекеттік тілге құрмет көрсету туралы С.Черчесовпен түсіндіру жұмыстарын жүргізу талап етілді.

«Біз мұндай жағдайлардың қайталанбауын қамтамасыз ету үшін федерация тарапынан тиісті шаралар қолданылуы керек деп санаймыз.

Сондай-ақ, Қазақстан футбол федерациясы Министрлікке бағынысты ұйым емес екенін, тиісінше оның ішкі мәселелеріне араласа алмайтынын, дегенмен Қазақстандағы спорт саясатын қалыптастырып, жүргізетін ведомство болғандықтан, түсініктеме талап етуге құқылы екенін қаперге саламыз.

Осы жазба арқылы еліміздегі өзге федерацияларды да мемлекеттік рәміздерге, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға және оларға қатысты орынсыз қалжыңның алдын алуға шақырамыз», — делінген Министрлік хатында.

ӘЗІЛКЕШТЕР ӘЛЕМІ

«ЖАЙДАРМАН»
ЖАСТАР
АЛАҢЫ

«Жайдарман» көптеген жастарға жұлдыз болып жануға мүмкіндік берген орын. Кейбір өнер адамдары осы сахнаны киелі деп біледі. Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен республикалық «SUPER LIGA» Jaidarman ойындарының шешуші сыны өтті. Ақтық мәреде 5 команда өзара күш сынасып, шын мықтыны анықтады.

Ернұр
РЫСБАЙ

КҮМІСТЕН ГӨРІ АЛТЫН КӨП

Қазақстандық спортшылардың
2024 жылдың 9 айындағы жетістігі қандай?

ҚР ТСМ баспасөз қызметі хабарлағандай, биылғы жылдың алғашқы 9 айының қорытындысы бойынша, Қазақстан құрамасының спортшылары әлем және Азия чемпионаттары, өзге де халықаралық жарыстарға қатысып, 621 медаль жеңіп алған екен. Оның 213-і – алтын, 191-і – күміс және 217-сі – қола.

Тоғыз айдың ішінде отандық спортшылар бірқатар тарихи жетістіктерге қол жеткізген. Жыл басында Оңтүстік Кореяда өткен IV қысқы Жасөспірімдер Олимпиадасында шаңғымен тұғырдан секіруде Илья Мизерных осы спорт түрінен тұңғыш рет чемпион атанды. Ақпанда Қатар мемлекетінде өткен су спорты түрлерінен әлем чемпионатында әртістік жүзуден аралас дуэт бағдарламасында Эдуард Ким мен Наргиза Болатова тарихи нәтиже көрсетіп, жарыс жеңімпазы атанды.

Наурызда шорт-тректен ұлттық құрама спортшысы Денис Никиша Роттердамдағы (Нидерланд) әлем чемпионатында күміс жүлдеге қол жеткізді. Бұл – шорт-тректен ел тарихындағы алғашқы күміс медаль. Бұған дейін бірде-бір спортшымыз мұндай жетістікке қол жеткізе алмаған еді.

Спорттық гимнастикадан Ташкентте өткен әйелдер арасындағы Азия чемпионатында отандасымыз Аида Бауыржанова аталған спорт түрінен ел қоржынына тарихи қола жүлдені салды. Маусым айында Үндістанның Гандинагар қаласында өткен 20 жасқа дейінгі шахматшылар арасындағы әлем чемпионатында Қазыбек Нөгербек топ жарды. Ол мұндай жетістікке қол жеткізген еліміздегі төртінші шахматшы. Осыдан бұрын 20 жасқа дейінгі санатта Дәрмен Сәдуақасов (1998 жылы), Динара Сәдуақасова (2016) мен Жансая Әбдімәлік (2017) әлем чемпионы атанған.

26 шілде мен 11 тамыз аралығында



ұлттық құрама спортшылары Париждегі XXXIII жазғы Олимпия ойындарына қатысып, 1 алтын, 3 күміс және 3 қола медаль жеңіп алды. Жалпыкомандалық есепте 43-орынға ие болды. Сондай-ақ, 28 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында спортшыларымыз XVII жазғы Паралимпия ойындарында өнер көрсетіп, 5 спорт түрінен 9 медаль (2 алтын, 3 күміс және 4 қола) олжалады.

8–13 қыркүйек күндері елордада 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ұйымдастырылып, әлемнің 90-ға жуық мемлекетінен 2500-ге тарта спортшы қатысты. Айтулы аламанда Қазақстан ұлттық құрамасының спортшылары 43 алтын, 32 күміс, 37 қола

(барлығы 112 медаль) жүлдеге қол жеткізіп, жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды.

Шахматтан Қазақстан әйелдер құрамасы Мажарстан астанасы Будапеште өткен 45-ші шахмат Олимпиадасында тарихи нәтиже көрсетіп, күміс жүлдені жеңіп алды. Отандастарымыз соңғы турда АҚШ-пен 2-2 есебімен тең түсіп, 18 ұпай жинады. Әйелдер құрамасында Бибисара Асаубаева, Меруерт Камалиденова, Әмина Қайырбекова, Ксения Балабаева, Алуа Нұрман сынға түсті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР ТСМ баспасөз қызметі).

Финалдық кездесудің ерекшеліктері туралы Қазақстан КВН одағының Алматы қаласы бойынша директоры Оңдасын Құлымбетов айта кетті.

– Маусым басында 50-ге жуық команда өтініш білдірген болатын. Соғардың ішінде 14 команданы таңдап алдық. Финалда 5 команда бақ сынап отыр. Жалпы, «SUPER LIGA» Jaidarman ойындарының негізгі мақсаты – мемлекеттік тілді дәріптеу, елдегі жастар саясатын қолдау. Сондай-ақ, «Жайдарман» ойындары арқылы жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталып отыр. Бұл ақтық мәренің де-меушісі болған Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Қажденбекке алғысымызды білдіреміз, – деді ол.

Ойында маусым бойы үздік өнер көрсеткен командалар бақ сынады. Әзілі мен мағынасы жарасқан ойында бірінен-бірі өткен командалар өнер көрсетті. Тіпті, өнерпаздармен бірге Парижде өткен олимпияданың қола жүлдегері Александра Ле сахнаға шықты. Әділқазылар алқасына жеңімпаз команданы анықтау оңайға түспеді. Барлық команда жоғары деңгейдегі дайындықпен келген. Осы туралы әділқазылар алқасының мүшесі, актер Ерлан Қасымжанұлы айтты.

– Бұл бес команда іріктеліп маусым бойы ойнап ақтық мәреге жетіп отыр. Қаншама команданың арасынан суырылып шыққан топтардың ешқайсысы осал емес. Өнерпаздар 3 айналымда бақтарын сынады. Осылайша шын мықтыны анықтай алдық. Барлық командалардың дайындығы жақсы. Жеңімпазды анықтау оңай болған жоқ, – деді актер.

«SUPER LIGA» Jaidarman ойындарының қорытындысы бойынша «Алатау SU» командасы жеңімпаз атанып, 1 миллион теңгені қанжылады. Екінші орын алған «Алмалы» командасына 500 мың теңге берілсе, үшінші орын иегері «Атлант SU» командасы 300 мың теңгені қанағат тұтты.



СӘТТІ ОТА

ЖАН БЕРІП,
ЖАН АЛЫСҚАН СӘТДәрігерлер көпбалалы ананың
өмірін сақтап қалды

Алматының №2 қалалық перинаталдық орталығына жүктілігіне 25 апта болған, жағдайы нашар әйел жеткізілді. Дәлірек айтсақ, жатыры жарылып кеткен. Бұл оның бесінші жүктілігі. Ал төртінші сәбиі осыдан 1 жыл 3 ай бұрын ғана дүниеге келген екен.



ДВС-синдромы дамыған. Бұл қанның үйе қабілетін жоғалтатын ауыр жағдай. Әйелге барлығы 64 доза қан мен плазма құйылды, сонымен қатар коагуляцияны қалпына келтіру үшін қымбат дәрілер берілді.

Дәрігерлердің айтуынша, жатырдың жырталуы миометрияның жұқаруына байланысты, яғни бірнеше рет босану және плацентаның жабысуының салдарынан болған екен. Жан беріп, жан алысқан киындықтарға қарамастан дәрігерлер тобы әйелдің өмірін сақтап қалды.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасында ішек жарығы (грыжа) және өт-тас ауруының күрделі жағдайын емдеу бойынша сәтті ота жасалды. 64-тегі науқас бес жыл бойы мазалаған асқазанның қыжылы, үнемі кекіру, жұтынудың қиындауы және басқа да жағымсыз белгілер мазалайтынын айтып аталмыш ауруханаға келген.



ӨТ ҚАБЫ ЗАҚЫМДАНҒАН

науқас аман қалғаны үшін
дәрігерлерге дән риза

Жан-жақты тексеру, атап айтқанда, фиброгастродуоденоскопия (ФГДС) және рентгеноскопиядан кейін өт қабында көптеген эрозия мен тастар бар «2-3-ші дәрежелі көк ет (диафрагма) өңеш саңылауының жарығы» диагнозы қойылған. Бұл диагноз асқазанның бір бөлігінің көк ет арқылы кеуде қуысына ығысуымен сипатталады. Бұл өз кезегінде өңештің қысылуына және рефлюкс-эзофагиттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Ал өт-тас ауруы ауырсыну және қабынуды тудыруы мүмкін өт тастарының пайда болуымен сипатталады.

Нәтижесінде бір мезгілде көк ет өңеш саңылауының жарығын жою: крурорафия (көк ет бұлшықеттерін тігу) және жарықтың қайталануын болдырмауға және рефлюкс белгілерін жоюға көмектесетін Ниссен бойынша фундопликация және ықтимал асқынудың алдын алу үшін өт қабын

санациямен алып тастау және іш қуысына бірте қою – лапароскопиялық холецистэктомия отасы жасалды.

Ота үш сағатқа созылды. Құрамында хирург Нұрхат Есенбеков, ассистенттер Дәурен Әбдуалиев пен Ержан Төлебаев, анестезиолог Исмагулла Камалов және ота жасау медбикесі Әлия Қуандықова бар операциялық топ жоспарланған барлық манипуляцияның сапалы орындалуын қамтамасыз етті.

«Мұндай ота шын мәнінде күрделі және нақты командалық жұмысты, сондай-ақ барлық қатысушыдан жоғары кәсібилікті талап етеді. Біз процедураның сәтті аяқталуына мүмкіндік беретін әрбір бөлшекке назар аудардық. Науқастың ауыртпалық белгілерінен арылуы және белсенді өмірге қайта оралуы маңызды», – деп атап өтті дәрігер Нұрхат Есенбеков.

ШҰҒЫЛ КӨМЕК

ТАМЫРҒА ҚАН ЖҮГІРДІ

Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасына 33 жастағы науқас «мидың оң жақ желке бөлігінің артериовенозды мальформациясы» диагнозымен түсті. Бұл – артерия мен тамырлар капиллярларды айналып өтіп, тікелей қосылатын сирек кездесетін тамыр ауруы.



емес тамырлардағы қан ағымын блоктайтын катетер арқылы арнайы материалды енгізу. Осылайша мальформацияның жарылу қаупі азаяды.

Құрамында аурухананың нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Константин Ли, нейрохирург Максим Аргумбаев, анестезиолог Ринат Қасенов және оталық медбике Эльмира Аюпова бар топ екі сағатқа созылған отаны сәтті аяқтады.

МӘМС

ЖҰТҚЫНШАҚҚА БІТКЕН ӨСІНДІ
екі жыл бойына қинап келген

Алматының Орталық қалалық клиникалық ауруханасына сирек кездесетін клиникалық ахуалмен науқас келіп түсті. Ол екі жыл бойына тамағында бөтен бір зат тұрғандай, жұтынуы да қиындап, салмақ жоғалтып, басы айналып, тіпті есінен танып қалатын жағдайға дейін жеткен.

Дәрігерлер анықтағандай, науқастың ішкі ұйқы артериясын қысқан біз тәрізді өсінді байқалған. Профессор Серік Тұрсынбаев пен тамырлы хирургия бөлімшесінің меңгерушісі Рахман Сапарбаевтың жетекшілігімен дәрігерлер тобы сол өсіндіні алып тастау үшін күрделі ота жасады.

Операцияның күрделі болған себебі, тамақ ішінде ұзара түскен өсінді өмірлік маңызды тамырларға, соның ішінде миды қанмен қамтамасыз ететін ішкі ұйқы артериясына таяу болған. Сондықтан сәл мүлт кетуге де болмайтын жағдай еді. Оның үстіне, ұйқы артериясын қайта қарау және өсіндіні алып тастау бір уақытта жүргізілуі керек еді. Ал бұл қадам ерекше дәлдік пен жоғары шеберлікті қажет етті. Хирургтардың кәсібилігі мен үйлесімді жұмысының арқасында ота сәтті аяқталды.

Егер ота дер уақытында жасалмаса, науқас инсультке шалдығуы мүмкін еді дейді мамандар. Сөйтіп, хирург, анестезиолог және медбикелер тобының үйлесімді жұмысының арқасында барлық тәуекел азайтылып, науқас асқынудан аман қалды.

– Ересектерде біз тәрізді өсінді ұзындығы орта есеппен 20–30 мм, ал Азия тұрғындарында 15,4–18,8 мм болады. Ұзындығы 30 мм-ден асатын өсінді ұзарған болып саналады. Мұндай өсінді негізінен 30 жасқа дейінгі адамдардың шамамен 4%-да кездеседі және 4% жағдайда олардың болуы клиникалық белгілермен бірге жүреді. Біздің жағдайда өсіндінің ұзындығы 1,5 см болды, – дейді өте сирек кездесетін жағдайға түсініктеме берген профессор Серік Тұрсынбаев.

ЕЗУТАРТАР

КҮЛКІ де ДӘРУМЕН

Пациент:
– Дәрігер, менде склероз басталды.
Дәрігер:
– Қашан басталды?
Пациент:
– Не қашан?



– Дәрігер мырза, әйелім құлақтан қалған сияқты, не істеуге болады?

– Үйге барғанда әйеліңіздің артында, алысырақ тұрып, орташа дауыспен оған сұрақ қойыңыз. Егер сізді естімесе, жақынырақ барып сол сұрағыңызды тағы қайталаңыз. Қандай қашықтықта еститінін анықтайық, соған қарай бір ем қарастырамыз.

Дәрігерден кеңес сұраған кісі үйіне қайтады. Ас бөлмесінің есігінде тұрып тамақ әзірлеп жатқан зайыбына орташа дауыспен:

– Жаным, кешкі асқа қандай тамақ жейміз? – дейді.
Әйелі жауап бермейді. Жақынырақ келіп тағы да сұрайды:

– Жаным-ау, кешкі асқа қандай тамақ жейміз?
Әйелі тағы да жауап бермейді. Ол жанына таяп келіп тағы:

– Бүгін кешкіге қандай тамақ? – дейді. Сонда әйелі:
– Үшінші рет айтып тұрмын ғой саған, котлет! – деген екен.

Дәрігер науқасқа:
– Сізге көк шай мен бассейн жақсы көмектеседі. Екі аптадан соң қайта қаралуға келесіз.

Арада екі апта өтеді.
– Халіңіз қалай? – дейді дәрігер.
– Кішкене жақсарып қалған сияқты, тек жүрегім айнитыны болмаса.
– Неге, көк шай іше алмадыңыз ба?
– Жоқ, бассейннің дәмі біртүрлі екен...

Дәрігер ішімдікті тәуір көретін адамға зиянды нәрселерді тізіп айтып отыр.

– Мұзды араққа қосып ішсеңіз бауырға, текилага қосып ішсеңіз асқазанға, коньякқа салып ішсеңіз миға зиян. Ал спиртті ішімдіктерге мұзды салып ішсеңіз, ағзаның барлық мүшесіне зардабын тигізеді.

– Бұл құрып кеткір мұз тұнып тұрған зиян екен ғой! – деген екен әлгі пациент.



Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 15 қазандағы №4/530-2065 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы				
Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы №34.1-34/1267-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:				
1. Түру-бұрылу алаңдарын салу үшін, Алматы қаласы, Алатау, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түркісіб аудандарында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.				
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.				
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.				
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.				
5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:				
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;				
2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;				
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.				
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.				
Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ				
Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы «15» қазан №4/530-2065 қаулысына қосымша				
Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда жататын жер учаскелерінің тізбесі				
P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Полякова Татьяна Анатольевна	20-321-034-238	Алатау ауданы, «Шаңырақ-1», Өтемісұлы, 164 үй	жалпы - 0,1000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0470
2	Абрамов Василий Витальевич	20-321-034-164	Алатау ауданы, «Шаңырақ-1», Өтемісұлы, 166 үй	0,1000
3	Мұсахан Жасмин Еркінқызы	20-321-034-262	Алатау ауданы, «Шаңырақ-1», Өтемісұлы, 168 үй	0,0835
4	Горпиненко Ольга Алексеевна	20-313-054-1030	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Тереңөзек көшесі, 7 үй	0,0540
5	Рыбченко Валерий Трофимович	20-313-054-857	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Тереңөзек көшесі, 3 үй	0,0630
6	Бабасва Светлана Магометовна	20-313-054-1176	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Тереңөзек көшесі, 11 үй, 1 пәтер	жалпы - 0,0670 үлесі - 0,0370
7	Ломакин Сергей Сергеевич	20-313-054-1176	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Тереңөзек көшесі, 11 үй, 2 пәтер	жалпы - 0,0670 үлесі - 0,0300
8	Джумабекова Мадина Маратовна	20-313-054-337	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Өбілқайыр Хан көшесі, 9 үй	0,0714
9	Даутова Қуралай Кызырхановна	20-313-054-1569	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Көксарай көшесі, 26 үй	0,1270
10	Абдуллаев Турсун Ниязович	20-313-054-1128	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Өбілқайыр Хан көшесі, 11үй	0,0708
11	Ахметова Наталья Михайловна	20-313-054-893	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Көксарай көшесі, 2в үй	0,0400
12	Величко Мария Анатольевна	20-313-054-914	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Өбілқайыр Хан көшесі, 13 үй	0,0533
13	Доможиров Александр Михайлович	20-313-054-429	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Көксарай көшесі, 2/1 үй	0,0194
14	Доможиров Александр Михайлович	20-313-054-422	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Көксарай көшесі, 2а үй	0,0129

15	Куталева Ольга Владимировна	20-313-054-1542	Бостандық ауданы, «Алатау» шағынауданы, Кендала көшесі, 1А үй	0,0948
16	Есботаева Элмира Султанмуратовна	20-313-054-153	Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» шағынауданы, Жолбарыс көшесі, 10А үй	0,0581
17	«Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы	20-313-019-215	Бостандық ауданы, Розыбакиев көшесі, 276А учаске	0,0017
18	«Dostar Fresh Market» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-313-019-431	Бостандық ауданы, Қожабеков көшесі, 18 учаске	жалпы – 2,4765 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,3356
19	«Алтынай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-021-014	Жетісу ауданы, 99 учаске	0,3316
20	Курбанова Эльмира Рахимжановна, Курбанов Анвар Рахимжанович, Бакиева Аида Рахимжановна	20-314-021-063	Жетісу ауданы, «Айнабұлақ» шағынауданы, 142Б үй	0,0149
21	Басира Гулам Хазрат, Гулям Дарвиш Мохаммад юнус	20-315-943-169	Медеу ауданы, Омарова көшесі, 3/4 учаске	0,0191
22	Хоминская Любовь Ивановна	20-317-906-060	Түркісіб ауданы, Баймағамбетов көшесі, 121 үй	0,0998
23	Цой Светлана Анатольевна	20-317-906-105	Түркісіб ауданы, Баймағамбетов көшесі, 76/5 үй	0,0998
24	Юбурова Зенебе Левасвна	20-317-906-046	Түркісіб ауданы, Баймағамбетов көшесі, 117 үй	0,0998
25	Битманова Бакытжан Бокешовна	20-317-906-265	Түркісіб ауданы, Баймағамбетов көшесі, 125 үй	0,0498
26	Петрова Юлия Леонидовна	20-317-906-266	Түркісіб ауданы, Баймағамбетов көшесі, 125а үй	0,0499
27	Курмангалиев Арын Есжанович, Исакова Қарақат Бакытбекқызы	20-317-906-166	Түркісіб ауданы, Хасанғалиев көшесі, 19 үй,1 көрпус	жалпы - 0,0945 үлесі – 0,0418
28	Құрымбаев Буркитбай Қуланович	20-317-906-166	Түркісіб ауданы, Хасанғалиев көшесі, 19 үй	жалпы - 0,0945 үлесі – 0,0527
29	Мажитов Муратжан Турганжанович	20-317-906-209	Түркісіб ауданы, Хасанғалиев көшесі, 17 үй	0,0988
30	Апизова Иззятбюви Исмаиловна	20-317-906-148	Түркісіб ауданы, Хасанғалиев көшесі, 15 үй	0,0976
31	Альжанова Динара Батыровна	20-317-906-130	Түркісіб ауданы, Хасанғалиев көшесі, 11 үй	0,0808
32	Камалиев Саябек Ануарбекович, Камалиева Айнура Даулетбаевна	20-317-906-131	Түркісіб ауданы, Хасанғалиев көшесі, 13 үй	0,0922

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 16 қазандағы №4/530-2072 қаулысы

Жер учаскесі шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 16 қазандағы №41.4-41.02/1237-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2030 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде жария сервитуттың шекара жоспарына сәйкес сыртқы инженерлік желілерді орнату үшін Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Ақбұлақ» шағынауданы елдімекендердің жалпы пайдаланудағы жерлерінде орналасқан, жалпы ауданы 0,0135 га жер учаскесіне шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 16 қазандағы №4/530-2073 қаулысы	

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 16 қазандағы №41.4-41.02/1237-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2030 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде сыртқы инженерлік желілерді орнату үшін Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Ереванская көшесі мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,2718 га жер учаскелеріне меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз, жария сервитуттың шекара жоспарына және қаулының қосымшасына сәйкес, шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларын) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
------------------------	----------

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 16 қазандағы №4/530-2073 қаулысына қосымша			
Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі			
P/c №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)
1	20-317-096-083	Якубов көшесі, 1/4 учаскесі	0,0032
2	20-317-096-080	Якубов көшесі, 1/5 учаскесі	0,0068
3	20-317-096-003	Якубов көшесі, 2а үй	0,0003
4	20-317-096-123	Сүйінбай даңғылы, 159/9 үй	0,0041
5	20-317-096-022	Папанин көшесі, 2а үй	0,0038
6	20-317-096-036	Папанин көшесі, 2/2 үй	0,0026
7	20-317-096-001	Ереванская көшесі, 2 үй	0,0015
8	20-317-096-085	Ереванская көшесі, 1ж үй	0,0005
9	жалпы пайдаланымдағы елдімекеннің жерлері	Ереванская көшесі	0,2490

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 16 қазандағы №4/530-2074 қаулысы

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 16 қазандағы №41.4-41.02/1237-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2030 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде сыртқы инженерлік желілерді орнату үшін Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Қарасу» шағынауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,4786 га жер учаскесін меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз жария сервитуттың шекара жоспарына және қаулының қосымшасына сәйкес шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабарлар етсін.

3. «Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 16 қазандағы №4/530-2074 қаулысына қосымша	

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі			
P/c №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)
1	20-321-021-1315	«Қарасу» шағынауданы, Бағаналы Орда көшесі, 36 үй	0,0047
2	20-321-021-1316	«Қарасу» шағынауданы, Бағаналы Орда көшесі, 36/1 үй	0,0067
3	жалпы пайдаланымдағы елдімекеннің жерлері	«Қарасу» шағынауданы, Бағаналы Орда көшесі	0,4672

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 16 қазандағы №4/530-2075 қаулысы

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 16 қазандағы №41.4-41.02/1237-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2030 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде сыртқы инженерлік желілерді орнату үшін Алматы қаласы, Медеу ауданы, Коккинаки көшесінің оңтүстігінде, Луганский көшесінің шығысында орналасқан, жалпы ауданы 0,0191 га жер учаскелерін меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз жария сервитуттың шекара жоспарына және қаулының қосымшасына сәйкес шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабарлар етсін.

3. «Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 16 қазандағы №4/530-2075 қаулысына қосымша	

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі			
P/c №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)
1	20-315-020-220	Луганский көшесі, 34 А үй	0,0002
2	20-315-020-113	Луганский көшесі, 32 А үй	0,0030
3	жалпы пайдаланымдағы елдімекеннің жерлері	Луганский көшесі	0,0159

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 16 қазандағы №4/530-2076 қаулысы

Жер учаскесі шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 16 қазандағы №41.4-41.02/1237-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2030 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде жария сервитуттың шекара жоспарына сәйкес сыртқы инженерлік желілерді орнату үшін Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Омарова көшесі елдімекендердің жалпы пайдаланудағы жерлерінде орналасқан жалпы ауданы 0,0183 га жер учаскесін алып қоюсыз шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі шектеулі жер пайдаланушыны шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
------------------------	----------



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді [aqshamnews.kz](#) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «**Almaty aqshamy**» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

РЕСМИ БӨЛІМ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 16 қазандағы №4/530-2077 қаулысы

Жер учаскесі шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 16 қазандағы №41.4-41.02/1237-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 2030 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде жария сервитуттың шекара жоспарына сәйкес сыртқы инженерлік желілерді орнату үшін Алматы қаласы, Алатау ауданы, Старозелаторская көшесінде елдімекендердің жалпы пайдаланудағы жерлерінде орналасқан, жалпы ауданы 0,0333 га жер учаскесіне шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.
- «Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
 - осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
 - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 16 қазандағы №4/530-2079 қаулысы

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 16 қазандағы №41.4-41.02/1237-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 2030 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде жария сервитуттың шекара жоспарына сәйкес сыртқы инженерлік желілерді орнату үшін Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Төлеген Тәжібаев көшесі, 68А мекенжайында орналасқан жалпы ауданы 0,0597 га жер учаскелерін меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.
- «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.
- «Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
 - осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
 - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің

2024 жылғы 16 қазандағы №4/530-2078 қаулысы

Жер учаскесі шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 16 қазандағы №41.4-41.02/1237-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 2030 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде жария сервитуттың шекара жоспарына сәйкес сыртқы инженерлік желілерді орнату үшін Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Сүйінбай даңғылы елдімекендердің жалпы пайдаланудағы жерлерінде орналасқан, жалпы ауданы 0,0444 га жер учаскесіне шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.
- «Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
 - осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
 - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ПРОКУРАТУРА

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті көрсететін мемлекеттік қызметтер

Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:

1) «соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;
2) «прокуратура, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»;
3) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және / немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;

4) «адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».

«Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн режимде көрсетіледі, оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады [www.egov.kz](#) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация «КЕАҚ-на бармай-ақ Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «EgovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы қол жеткізуге болады.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді.

Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шетелге шығу үшін апостиль қойылған қағаз түрінде соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады, дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау органымен тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» [www.egov.kz](#) веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті.

Көрсетілетін қызметтің алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру, азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде «электрондық үкімет» [www.egov.kz](#) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні.

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін болып табылады, апостиль қоюдан басқа оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

Б.Н.ҮСЕНБАЕВ,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті Алматы қаласы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің бастығы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
[rekalatauaqparat@gmail.com](#)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
[rekalatauaqparat@gmail.com](#)
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
[alatauaqparat@gmail.com](#)
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ДОСБОЛ мен АҚТОЛҚЫН

«Ақшамнан» шаңырақ құрған үшінші жұл

Бір кездері жалғыз қайықтай желкенін керген «Алматы ақшамы» газеті бүгінде қанатын кеңге жайып, «ALATAU AQPARAT» атты үлкен медиахолдингке айналып отыр. Кезінде ұлт зиялыларының қолдауымен ашылған ұлттың ұнпарағы бүгінде бір ғана қаланың емес, бүкіл қоғамның үнін жеткізіп жүрген үлкен басылымға айналды. Осынау 40 жылға жуық тарихында «Ақшам» халық пен биліктің алтын арқауына айналса, оқырманының үнін жеткізіп жүрген қаламы жүйрік журналист Досбол АТАЖАН бүгін отбасын құрып, отағасы атанып отыр.



«Ақшамнан»
қанат қақты
аққу-арман...

Ей, достар, аяласаң, махаббатты аяла,
Ыстығына күйіп, суығына тоң да, саяла.
Теңіздей пейіл сүйіспеншілікке ұласты,
Толқыннан толқын туды жылы ағысты.

Достықтың ұштасқаны – өмірлік жол,
Тату-тәтті тірліктің һәм береkesі мол.
«Ақшамнан» қанат қақты аққу-арман,
Биікте самғай берші, гәкку-арман!


«АҚШАМДЫҚТАР».

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҚҰС ҚАЙТУ» немесе «ҚАМБАР ТОҒЫС»

Қазақ күнтізбесінің көне жүйесінің бірі

«...Осы қазан айының іші болатын. Күн ызғырық, қар ұшқындап тұр. Нұрғиса ағам телефон шалып, «үйге келіп кет, «құс қайту» жасаймыз» деді. Тездетіп бардым. Дариға жеңгей екеуі шәй ішіп отыр екен. Шәйға қанып алғасын «Құстар жылы мекеніне қайтып жатыр. «Құс қайту» дәстүрін жасау керек. Мен әнін, сен сөзін жазайық. Ойнақы емес, ойлы етіп, қоштасу сарынымен жаз. Қазір саған ырғағын, буын санын (рыбасын) беремін» деді.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Лезде композитордың талабына сай жазып шықтым. Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжановтың орындауында бүкіл елімізге тарап кетті» деп бітірді сөзін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, 500-ден астам әннің мәтінін жазған көрнекті ақын Тұманбай Молдағалиев телеарна журналисіне берген сұхбатында (2009 жыл). Жуырда осы сұхбат ақынның өмірден өткен күніне орай (10 қазан) телеарнадан қайталанды.

«Жаз өмірін, маз өмірін қысқартып,
Бара жатыр, бара жатыр, құс қайтып.
Зымырайды менің бала кезімдей,
Бір жалт етіп өте шыққан сезімдей...», – деп басталатын «Құстар әні» бір ғасырдан екіншісіне жалғасып шырқалып келеді.

Қазақтар қолданған күнтізбенің тағы бір түрі «Қамбар тоғыс» деп аталады. Ұмыт болған, Қамбар (Арыстан) жұлдызының қозғалысына негізделген жүйе. Қамбар жұлдызы күз айларында туып, көктем айларында батады. Қамбар жұлдызы көк жүзінде Аймен бес рет кездеседі, есепшілердің тілімен айтқанда бес мәрте тоғысады. Алғашқы тоғыс қазан айында өтеді. Сондықтан осы айды тоғыздың айы деп атайды. Әр тоғыстың арасы, шамамен, 28-29 күн болады.

Қазан – қазақ күнтізбесі бойынша жыл он екі айдың сегізінші, ал қазіргі григориан күнтізбесінің оныншы айы. Қазақ халқы шығыс күнтізбесі бойынша қазан айын «ақырап» деген. Ақырап жұлдыз жүйесі бойынша «Сарышаян шоқжұлдызының» атауы болып табылады. Бұл сарала күз өтіп, қара күздің басталған шағы. Шаруа адамы үшін ақырап айының қарбаласы көп. Қазір сол Ақырап амалы (айы) жүріп жатыр. Малшы қауым малдың қысқы азығын дайындап, қора-жайын дұрыстайды.

Қыстық шөп қорын жасайды. Егіншілер егін орып, астық бастыру жұмысын аяқтайды. Ал бау-бақша дақылдары түгелдей жинастырылады. Бұны жергілікті жерлерде

қазан болды деп те атайды. Жаздан күйлі шыққан мал қазан айында ет алып, әбден қонданады. Біршама шаруасын пысықтап алғаннан кейін ауыл-аймақта, ел ішінде той-томалақтар көбейеді. Жазда малдың жеуіне жарамайтын шытыр тәрізді улы шөптер, «қазан ұрғаннан» кейін малға жұғымды азық бола бастайды.

Тіліміздегі «қазан болды», «қазан қылды», «қазан соқты», «қазан ұрды» тіркестері егіншілікке байланысты қолданылып, қазанның табиғат амалы екенін білдіреді. «Бақшадағы қауын-қарбыз қазан болды, қазан көктей солдырды, қураатты, құртты, жойды, қазанның қара суығы ұрып, көк біткенді үсітті», т.б. толып жатқан сөздер осы кезде айтылады.

Бүгін қазанның – 18-і, ай бойынша – айдың 15-ші жанаңасы, ескі есепке сүйенсек, айдың – 6-шы жұлдызы. Апта өтіп бара жатқан айдың басы мен соңғы онкүндігіне сәйкес келіп тұр. Демек, тұрақты шуақты қалып сақтап келе жатқан ауа райында айтарлықтай өзгеріс орын алмауы мүмкін... Аракідік жаңбыр жаууы ғажап емес.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Құстар мен жәндіктердің әрекетіне қарап жасалған жорамал:

- * Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.
- * Тышқан биікке шығып шықылдаса, ұзамай қар жауады.
- * Қыс қатты болатын жылы тиін ұясын төмен жерге, жылы болса, жоғары жасайды.
- * Күзде құйын көп болса, қыс аязды болады.
- * Күз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.